«...Еңбек етуші халықтың 60 % - ы шағын және орта бизнесте жұмыс істеген кезде Қазақстан тұрақтылыққа қол жеткізетін болады...»
Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаев

«...Когда 60% работающего населения будет трудиться в малом и среднем бизнесе, Казахстан достигнет устойчивости...»
Президент Республики Казахстан
Н.А.Назарбаев

Жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерге арналған КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖЕДЕЛ КУРСЫ

ЭКСПРЕСС-КУРС ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА для действующих предпринимателей

Алматы, 2012

УДК 334
ББК 65.290-2
Ж 81

Оқу-әдістемелік құралды әзірлеген:
«Халықаралық Бизнес Академиясы» КЕББМ
Разработчик учебно-методического пособия:
НОУ «Международная Академия Бизнеса»

Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде бекітілген
2011 жылғы 30 қарашадағы № 4 хаттама
Утверждено заседанием Ученого Совета
Протокол 4 от 30 ноября 2011 года

Авторлар ұжымы:
Т. В. Иссык, Г. Е. Қасенова, И. А. Леонтьева
Ж.Д. Серікбаева, Д.Ж. Тшенсовская, С.А. Филин, А.З. Чивазова
Авторский коллектив:
Иссык Т.В., Касенова Г.Е., Леонтьева И.А.,
Серикбаева Ж.Д., Тшенсовская Д.Ж., Филин С.А., Чивазова А.З.

Ж 81 Жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерге арналған кәсіпкерліктің жедел курсы = экспресс-курс предпринимательства для действующих предпринимателей. — Алматы, 2012. — 200 б — Қазақша, орысша

ISBN 978-601-80063-4-0

УДК 334
ББК 65.290-2

Рецензенттер:
1. Экономика ғылымдарының докторы, ЕХЭА корреспондент- мүшесі Н.В.Никифорова
2. Экономика ғылымдарының докторы П.Б.Исахова
3. «ДАМУ» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Е.Б.Нұрғалиев
4. «ДАМУ» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Оқыту және сервистік қолдау департаментінің директоры, экономика ғылымдарының кандидаты
С.Ш.Игенбекова

Рецензенты:
1. Доктор экономических наук, действительный член-корреспондент МЭАЕ Никифорова Н.В.
2. Доктор экономических наук Исахова П.Б.
3. Заместитель председателя Правления АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» Нургалиев Е.Б.
4. Директор Департамента обучения и сервисной поддержки АО «Фонд развития предпринимательства «Даму», кандидат экономических наук Игенбекова С.Ш.

Редактор: И. А.Леонтьева, «ХБА» КЕББМ аға оқытушысы, философия шебері.
Редактор: Леонтьева И.А., ст.преподаватель НОУ « МАБ», мастер философии.

«Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің жағдайы мен мәселелері», «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау бағдарламалары», деген тарауларын «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметкерлері, «Франчайзинг» тарауын — ҚР Франчайзинг одағы, «IT» тарауын — «Қазконтент» АҚ мамандары дайындаған.
Главы: «Состояние и проблемы предпринимательства в Республике Казахстан», «Программы развития и поддержки предпринимательства в Республике Казахстан» подготовлены сотрудниками АО «Фонд развития предпринимательства «Даму», глава «Франчайзинг» — подготовлена Союзом франчайзинга РК, глава «IT» — подготовлена специалистами АО «Казконтент».

ISBN 978-601-80063-4-0
© «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, 2012
© АО «Фонд развития предпринимателей «Даму», 2012

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ

КІРІСПЕ / ВВЕДЕНИЕ **6**

1. КӘСІПКЕРЛІККЕ КІРІСПЕ / ВВЕДЕНИЕ В ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО **8**

«НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА» ДЕГЕН НЕ? / ЧТО ТАКОЕ «РЫНОЧНАЯ ЭКОНОМИКА»? 8

ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ОРНЫ ҚАНДАЙ? / КАКУЮ РОЛЬ ИГРАЕТ МАЛЫЙ БИЗНЕС В РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ? 10

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚТАРҒА ТАП БОЛДЫ? / С КАКИМИ ПРОБЛЕМАМИ СТАЛКИВАЕТСЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН? 11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУҒА ЖӘНЕ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ҚАНДАЙ БАҒДАРЛАМАЛАР БАР? 14

КАКИЕ СУЩЕСТВУЮТ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ И ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН? 14

2. КӘСІПКЕРЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫ / ПСИХОЛОГИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА **23**

КӘСІПКЕР ДЕГЕН КІМ? / КТО ТАКОЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ? 23

БИЗНЕСТІҢ ТАБЫСТЫ БОЛУЫНА НЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ? / ЧТО ВЛИЯЕТ НА УСПЕХ В БИЗНЕСЕ? 24

КӨШБАСШЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ? / ЧТО ТАКОЕ ЛИДЕРСТВО? 26

КЕЛІССӨЗДЕР СӘТТІ БОЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК? / КАК УСПЕШНО ПРОВЕСТИ ПЕРЕГОВОРЫ? 26

3. НАРЫҚТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ТАЛДАУ / АНАЛИЗ РЫНОЧНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ **30**

БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ ҮШІН ҚАНДАЙ АҚПАРАТТАР ҚАЖЕТ? / КАКАЯ ИНФОРМАЦИЯ НЕОБХОДИМА ДЛЯ РАЗВИТИЯ БИЗНЕСА? 30

АҚПАРАТТАРДЫ ҚАЛАЙ ЖИНАУҒА БОЛАДЫ? / КАК МОЖНО СОБРАТЬ ИНФОРМАЦИЮ? 30

БИЗНЕСТІ ДАМЫТУҒА ҚАНДАЙ МҮМКІНДІКТЕР БАР? / КАКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ЕСТЬ ДЛЯ РАЗВИТИЯ БИЗНЕСА? 32

БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ ҮШІН ҚАНДАЙ СТРАТЕГИЯНЫ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ? / КАКУЮ СТРАТЕГИЮ РАЗВИТИЯ БИЗНЕСА ВЫБРАТЬ? 40

4. МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ / МАРКЕТИНГОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ **44**

ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛАЙ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ? / КАК ПОСТРОИТЬ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ С ПОТРЕБИТЕЛЕМ? 44

ТАУАР ЖИЫНТЫҒЫН ҚАЛАЙ БАСҚАРУҒА БОЛАДЫ? / КАК УПРАВЛЯТЬ АССОРТИМЕНТОМ? 48

ҚАНДАЙ САТУ СТРАТЕГИЯСЫН ҚОЛДАНУ КЕРЕК? / КАКУЮ СТРАТЕГИЮ ПРОДАЖ ИСПОЛЬЗОВАТЬ? 51

МЕРЧЕНДАЙЗИНГ ДЕГЕН НЕ? / ЧТО ТАКОЕ МЕРЧЕНДАЙЗИНГ? 56

5. КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫ / ФИНАНСЫ ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯ **59**

БАНКТІК КРЕДИТ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ? / ДЛЯ ЧЕГО НУЖЕН БАНКОВСКИЙ КРЕДИТ? 59

КРЕДИТТІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ? КАК ПОЛУЧИТЬ КРЕДИТ? 64

БАНКТІК КРЕДИТ ҚАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ? / КАК ПОГАШАЕТСЯ БАНКОВСКИЙ КРЕДИТ? 71

КРЕДИТТІҢ «АСТАРЛЫ ҚИЫНДЫҚТАРЫ» БАР МА? /
ЕСТЬ ЛИ У КРЕДИТОВ «ПОДВОДНЫЕ КАМНИ»? 73

БАНКТІ ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ? /
КАК ПРАВИЛЬНО ВЫБРАТЬ БАНК? 75

6. КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЗАҢДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ / ЮРИДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА 87

ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ДЕГ ЕН НЕ? /
ЧТО ТАКОЕ ЛИЦЕНЗИРОВАНИЕ? 87

МЕМЛЕКЕТ МҮЛІГІН ӨТЕУСІЗ НЕГІЗДЕ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ? /
КАК МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ИМУЩЕСТВО ГОСУДАРСТВА НА БЕЗВОЗМЕЗДНОЙ ОСНОВЕ? 98

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАРҒА ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ? /
КАК УЧАСТВОВАТЬ В ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПКАХ? 103

«СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ» ДЕГЕН НЕ? /
ЧТО ТАКОЕ «ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ»? 108

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ ТАРАТУ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ? /
КАК ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ЛИКВИДАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА? 112

7. БИЗНЕС-ЖОСПАР / БИЗНЕС-ПЛАН 126

8. КӘСІПКЕРЛІК ТӘУЕКЕЛДІҢ МӘНІ / СУЩНОСТЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО РИСКА 132

КӘСІПКЕРЛІК ТӘУЕКЕЛ ДЕГЕН НЕ? /
КАКОВЫ ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ РИСКА? 132

ТӘУЕКЕЛДІ ҚАЛАЙ ТӨМЕНДЕТУ БОЛАДЫ? /
КАК УПРАВЛЯТЬ РИСКАМИ? 135

9. ФРАНЧАЙЗИНГ / ФРАНЧАЙЗИНГ 137

10. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ / УПРАВЛЕНИЕ ПЕРСОНАЛОМ 140

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚАЛАЙ БАСҚАРУҒА БОЛАДЫ? /
КАК УПРАВЛЯТЬ ПЕРСОНАЛОМ? 140

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ҚАЛАЙ РЕТТЕЛЕДІ? /
КАК РЕГУЛИРУЮТСЯ ТРУДОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ? 145

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ (МОТИВАЦИЯ) ДЕГЕН НЕ? /
КАКИЕ СУЩЕСТВУЮТ СИСТЕМЫ МОТИВАЦИИ ПЕРСОНАЛА? 150

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚАЛАЙ ДАМЫТУҒА БОЛАДЫ? /
КАК РАЗВИВАТЬ СВОИХ СОТРУДНИКОВ? 153

11. КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН IT / IT ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ 156

ИНТЕРНЕТ ДЕГЕН НЕ? /
ЧТО ТАКОЕ ИНТЕРНЕТ? 156

САЙТ НЕ ҮШІН КЕРЕК? /
ЗАЧЕМ НУЖЕН САЙТ? 156

ИНТЕРНЕТТЕГІ ЖАРНАМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ? /
В ЧЕМ ОСОБЕННОСТИ РЕКЛАМЫ В ИНТЕРНЕТЕ? 158

ИНТЕРНЕТ ДҮКЕННІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ? /
В ЧЕМ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ-МАГАЗИНОВ? 158

ӘДЕБИЕТТЕР / ЛИТЕРАТУРА 161

ГЛОССАРИЙ / ГЛОССАРИЙ 164

ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЯ 169

1-ҚОСЫМША ЖОБАҒА САРАПТАМА ЖАСАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ /
ПРИЛОЖЕНИЕ № 1 ПЕРЕЧЕНЬ ДОКУМЕНТОВ, НЕОБХОДИМЫХ ДЛЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ЭКСПЕРТИЗЫ ПРОЕКТА 170
2-ҚОСЫМША БИЗНЕС-ЖОСПАРҒА НЕМЕСЕ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР /
ПРИЛОЖЕНИЕ № 2 ТРЕБОВАНИЯ К БИЗНЕС-ПЛАНУ ИЛИ ТЕХНИКО-ЭКОНОМИЧЕСКОМУ ОБОСНОВАНИЮ 180
3-ҚОСЫМША ҚҰЖАТТЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ САЛЫҚ ӨТІНІШІ /
ПРИЛОЖЕНИЕ № 3 НАЛОГОВОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ПРОВЕРКИ 181
4-ҚОСЫМША ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ, ФИЛИАЛДЫҢ (ӨКІЛДІКТІҢ) ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ /
ПРИЛОЖЕНИЕ № 4 ЗАЯВЛЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ ПРЕКРАЩЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА,
ФИЛИАЛА (ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВА) 182
5-ҚОСЫМША ЛИЦЕНЗИЯЛАНАТЫН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ /
ПРИЛОЖЕНИЕ № 5 ВИДЫ ЛИЦЕНЗИРУЕМОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ 184
6-ҚОСЫМША ЭКСПОРТЫ МЕН ИМПОРТЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАНАТЫН ТАУАРЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ /
ПРИЛОЖЕНИЕ № 6 ПЕРЕЧЕНЬ ТОВАРОВ, ЭКСПОРТ И ИМПОРТ КОТОРЫХ ПОДЛЕЖАТ ЛИЦЕНЗИРОВАНИЮ 191
7-ҚОСЫМША МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ /
ПРИЛОЖЕНИЕ № 7 ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ 199

КІРІСПЕ

«Кәсіпкерліктің жедел курсы» оқу құралы кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерге арналған. Оқу құралы Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы шеңберінде жасалды.

Қазақстан «Doing Business - 2012» («Бизнесті жүргізу — 2012») халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) және Дүниежүзілік банк (ДБ) рейтингісінде 58 орыннан 47 орынға жоғары көтерілді. Аталған рейтинг кәсіпкерлік қызметті реттеу жұмысын реформалауды, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, сонымен қатар 183 елдегі жергілікті компанияларға ықпал ететін реттеу нормаларын енгізуді қарастырады. Жеке кәсіпкерлік жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік саясаты қосылған құн деңгейі жоғарғы жаңа технологиялық өндірісті құруға бағытталған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы орташа класты қалыптастыруды көздейді.

Шағын және орта бизнес әр мемлекеттің экономикасын өзгермелі нарық жағдайына бейімдеуде маңызды әлеуметтік-экономикалық рөл атқарады. Шағын және орта бизнес кәсіпорындары белгілі бір жұмыс орындарын құрайды. Олардың қызметтері бәсекелестікке қабілетті тауарлар мен қызметтердің сапасын жоғарлатуға мүмкіндік туғызады, инновациялық қызметті дамытады.

Алайда, статистикаға сүйенсек, жаңадан ашылған 10 фирманың 8-і бір жылдан кейін бизнесін тоқтатады, тек 2-еуі ғана жұмысын жалғастырады. Фирмалардың жабылу себептері көп: икемділіктің жоқтығы, негізсіз өсуі, жылдам табыс табуға талпыну, қаржылық есептің болмауы, ойда болмаған шығындар және ақшаның тапшылығы, делдалдар мен жабдықтаушыларға тәуелділік, жоспардың жоқтығы және электрондық коммерция негізін жетік білмеуі, жарнамаға негізсіз шығындар кетіруі және т.б.

Кәсіпкерліктің даму тарихы табысты кәсіпкердің әрқашан да өз қызметін жоспарлайтынын көрсетеді. Жоспарлау бизнестің бір айдан, үш айдан, жарты жылдан, жылдан кейінгі және болашақта, мысалы 5 жылдан кейінгі даму ауқымын ұсынуға мүмкіндік береді. Жоспар кәсіпкерге табыстар мен шығындардың көлеміне талдау жасауға мүмкіндік береді. Банктен несие алу үшін бизнес-жоспар қажет. Бизнестің нарықтық мүмкіндіктеріне талдау жасау мен даму стратегиясын әзірлеу белгілі бір мөлшерде табыс алуды қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерге әрқашан да қажетті ақпаратты дербес іздеп табу және оны түсіну қиын болып келеді. Заңнаманың, сауда шарттарының, салық пен баж салығының мөлшерлемесінің өзгеруі жұмыс жағдайы мен қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарды жоғарлата түседі.

Бастапқы кезеңде бейтаныс консультанттардың кеңесіне мұқтаж болмай, кәсіпкерлерге бизнесті бастауға, жүргізуге және дамытуға мүмкіндік беретін көлемді, қол жетімді ақпараттар осы оқу құралында қарастырылған. Оқу құралының мақсаты -

ВВЕДЕНИЕ

Пособие "Экспресс-курс предпринимательства" предназначено как для начинающих предпринимателей, так и для тех, кто имеет действующий бизнес. Пособие было создано в рамках программ поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан.

Казахстан в рейтинге "Doing Business — 2012" ("Ведение бизнеса — 2012") Международной финансовой корпорации (МФК) и Всемирного банка (ВБ) поднялся с 58 на 47 место. Данный рейтинг оценивает внедрение реформ по регулированию предпринимательской деятельности и защите прав и интересов инвесторов, а также регуляторные нормы, которые влияют на местные компании в 183-х странах. Государственная политика в Республике Казахстан в отношении частного предпринимательства нацелена на формирование среднего класса, путем развития малого и среднего предпринимательства, ориентированного на создание новых высокотехнологичных производств с наибольшей добавленной стоимостью. Малый и средний бизнес имеет важное социально-экономическое значение в экономике любой страны, обеспечивая способность страны приспосабливаться к меняющейся рыночной ситуации. Предприятия малого и среднего бизнеса создают определенное число рабочих мест. Их деятельность формирует достаточно высокий уровень конкуренции, что способствует повышению качества товаров и услуг, обеспечивает развитие инновационной деятельности.

Однако, согласно статистике, 8 из 10 открывшихся фирм, после года существования, прекращают свой бизнес. И только 2 продолжают работать. Причин закрытия фирм множество — это и отсутствие гибкости, необоснованный рост, стремление получить сиюминутную прибыль, отсутствие финансового учета, непредвиденные расходы и нехватка денег на них, зависимость от посредников и поставщиков, отсутствие планирования и незнание основ электронной коммерции, необоснованные расходы на рекламу и многое другое.

История развития предпринимательства показывает, что успешный предприниматель всегда планирует свою деятельность. Планирование позволяет представить масштабы развития бизнеса через месяц, три месяца, полгода, год и на перспективу, например, 5 лет. План позволяет предпринимателю анализировать доходы и расходы. Для того, чтобы получить кредит в банке нужен бизнес-план. Анализ рыночных возможностей и разработка стратегии развития бизнеса обеспечивают получение определенного желаемого уровня прибыли.

Очень часто предпринимателю сложно самостоятельно найти необходимую информацию, а еще труднее в ней разобраться. Меняется законодательство, условия торговли, ставки налогов и пошлин, повышаются требования к соблюдению условий труда и защите окружающей среды.

В данном пособии в общедоступной форме содержится объем необходимых предпринимателю знаний, который позволит начать, вести и развивать бизнес, не обращаясь на первоначальном этапе к услугам сторонних

кәсіпкерлерге кәсіпкерлікті жүргізу мүмкіндіктері туралы ақпараттарды жеткізу. Оқу құралында кәсіпкерлік қызметі және бизнесті жүргізу психологиясының ерекшеліктері, қалай өз тұтынушысын тауып, оны ұстап қалу туралы айтылады. Кәсіпкерлік қызметті тіркеу және оны лицензиялау процестері, еңбек қатынастары, кәсіпкердің бақылаушы ұйымдармен қарым-қатынас жасауы, сыртқы экономикалық қызметтің ерекшелігінің заң аспектілері толық қарастырылады. Франчайзинг шарты бойынша бизнесті дамыту мүмкіндіктеріне көңіл бөлінеді. Кәсіпкерлік қызметті жүргізу кезіндегі ақпараттық технологиялардың рөлі анықталады. Бизнес жоспарды құруға, қызметкерлерді басқаруға, маркетингтік шешімдерді құруға тәжірибелі кеңестер беріледі.

Осы оқу құралы бизнесті жүргізудің негізгі ережелерін түсінуге мүмкіндік береді, жылдам өзгермелі нарық жағдайында компанияның үдемелі дамуын қамтамасыз етеді.

Көп білген ғана үлкен белестерге жетеді!

консультантов. Цель пособия — донести до предпринимателей информацию о возможностях ведения бизнеса. В пособии рассказывается об особенностях предпринимательской деятельности и психологии ведения бизнеса, о том, как выбрать, найти и удержать своего потребителя. Подробно рассматриваются юридические аспекты предпринимательской деятельности — процесс регистрации и лицензирования, трудовые отношения, взаимоотношения предпринимателя с контролирующими организациями, особенности внешнеэкономической деятельности. Уделяется внимание возможностям развития бизнеса на условиях франчайзинга. Определяется роль информационных технологий в предпринимательстве. Даются практические советы по составлению бизнес-плана, управлению персоналом, маркетинговым решениям.

Данное пособие позволит понять основные правила ведения бизнеса, которые обеспечат поступательное развитие компаний в условиях быстро меняющихся рынков.

Только тот сможет достичь большего, кто больше знает!

1. КӘСІПКЕРЛІККЕ КІРІСПЕ

«НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА» ДЕГЕН НЕ?

Нарықтық экономика — шаруашылықпен айналысушы субъектілердің арасында шартты қатынасқа, еркін кәсіпкерлікке негізделген экономика. Шаруашылықпен айналысушы субъект — кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға.

Нарықтық экономика — әрекеттерді үйлестіру нарықтағы ерікті жеке өндірушілер мен ерікті жеке тұтынушылар және үй қожалығының өзара әрекеттесуі негізінде жүзеге асырылатын экономикалық ұйым формасы.

Қазіргі заманғы нарықтық экономиканың негізгі ерекшелігі мынада:

- меншік формаларының әртүрлілігі, олардың арасында жеке меншіктің сан алуан түрлері жетекші орын алады (жеке еңбектен — ірі, корпоративтікке дейін);
- жаңа тауарлардың құрылуына және өндірістік қуаттылықтың, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына ықпал ететін ғылыми-техникалық төңкеріс;
- кәсіпкерлік таңдаудың еркіндігі, кәсіпкердің кәсіпкерлік қызмет түрлері және болашақтағы бизнестің дамуы туралы дербес шешім қабылдауы;
- сатып алушы үшін таңдау еркіндігі;
- мемлекеттің шаруашылықпен айналысушы субъектілердің қызмет ету шарттарын және нарықтық қызмет қатысушыларының әрекетін заңнама, сот билігі мен әртүрлі салық, алым, жеңілдіктерді және т.б. енгізу арқылы үйлестіруі;
- сұраныстың өзгеруіне және өзгеруші нарықтық жағдайларға үйренуге ықпал ететін маркетингтік басқару жүйесін дамыту;

Бүгінгі күні нарықтық экономиканың дамуына келесі үрдіс белең алуда:

- өндіріс және тұтыну құрылымын қызметтің маңызын арттыру арқылы өзгерту;
- мектептен кейінгі және қосымша білім беру есебінен білім беру деңгейін арттыру;
- еңбекке деген жаңа көзқарас, себебі жоғары білімді қызметкерлерге орындайтын міндеттеріне шығармашылық тұрғыда қарау тән және жұмыста адам қатынастарына жоғары талап қойылады;
- қоршаған ортаға көбірек көңіл бөлу, ең алдымен тұрақты дамуға көшу, яғни табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалануды шектеу;
- экономиканы ізгілендіру (әлеуметтендіру), оның нәтижесінде инвестиция салатын маңызды нысандардың, бюджет шығысының бірі адам болады («адамдық әлеует»);
- қоғамды ақпараттандыру, нәтижесінде әлемде үнемі білім өндірушілері (ғылыммен айналысатындар) мен таратушыларының (ақпараттық желілер, оқу орын дары, инновациялық фирмалар), тұтынушыларының (барлық қоғам) саны артып келеді;

1. ВВЕДЕНИЕ В ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ЧТО ТАКОЕ «РЫНОЧНАЯ ЭКОНОМИКА»?

Рыночная экономика — экономика, основанная на принципах свободного предпринимательства и договорных отношений между хозяйствующими субъектами. Хозяйствующий субъект — это лицо, осуществляющее предпринимательскую деятельность.

Рыночная экономика — форма экономической организации, при которой координация действий осуществляется на основе взаимодействия на рынках свободных частных производителей и свободных индивидуальных потребителей и домохозяйств.

Основными чертами современной рыночной экономики являются:

- многообразие форм собственности, среди которых ведущее место занимает частная собственность в различных ее видах (от трудовой индивидуальной до крупной, корпоративной);
- научно-техническая революция, влияющая на быстрое создание новых товаров и развитие производственных мощностей, производственной и социальной инфраструктуры;
- свобода предпринимательского выбора, самостоятельное принятие решений предпринимателем о виде предпринимательской деятельности и перспектив развития бизнеса;
- свобода выбора для покупателя;
- обеспечение государством условий функционирования хозяйствующих субъектов и координация действий участников рыночной деятельности через законодательную, судебную власть и путем введения различных налогов, сборов, льгот и т. п.;
- развитие маркетинговых систем управления, позволяющих реагировать на изменения спроса и приспосабливаться к изменяющимся рыночным условиям.

Сегодня в развитии рыночных экономик различных стран наблюдаются следующие тенденции:

- изменение структуры производства и потребления, преимущественно за счет возрастания роли услуг;
- рост уровня образования, прежде всего, за счет послешкольного и дополнительного;
- новое отношение к труду, так как для высокообразованных работников характерно творческое отношение к выполняемым обязанностям и высокие требования к человеческим отношениям на работе;
- повышение внимания к окружающей среде, прежде всего, через переход к устойчивому развитию, т.е. ограничивающему нерациональное использование природных ресурсов;
- гуманизация (социализация) экономики, в результате чего главным объектом приложения инвестиций, а также расходов бюджета, становится сам человек («человеческий потенциал»);
- информатизация общества, вследствие чего в мире постоянно увеличивается численность производи-

- шағын бизнесті дамыту, ең алдымен шығарылатын өнімнің жылдам жаңаруы және жылдам сараланыуына байланысты;
- шаруашылық қызметті жаһандандыру, нәтижесінде көптеген компаниялар үшін өнімдердің экспорты мен импорты және экономикалық ресурстар жүйелі операцияларға айналды.

«Нарық, сатып алушы, сатушы» ұғымдарының ерекшелігі неде?

Экономикада кейбір тауар немесе қызмет **нарығы** сатушы мен сатып алушы арасындағы **айырбас** түріндегі қарым-қатынастың жиынтығын білдіреді. Нарық дегеніміз — тауарды сату және сатып алу орны (яғни, базар, қалалық немесе ауылдық базар).

Сатып алушы белгілі тауарға немесе қызметке өз **сұранысын** білдіреді, яғни бағасына қарамай қажет затты сатып алуға дайын. Баға көтерілгенде, сатып алушылардың қажетті затқа деген сұранысының көлемі де түседі, баға төмендеген жағдайда — артады. Сұраныс — тұтынушылардың талғамына (ықыласына), табысына, басқа тауарлар мен қызметтердің бағасына байланысты болады.

Сатушылардың әрекетін **ұсыныс** деп — бірнеше көлемдегі тауарды және белгілі мөлшердегі қызметті бағасына қарамай сатуға дайындығы деп сипаттауға болады. Сатып алушыларға қарағанда сатушылар баға өскенде, ұсыныс көлемін де арттырады, ал баға төмендегенде — азайтады. Тауарлар мен қызметтерді сатуға дайын тұру — өндіріс технологиясына, баға ресурстарына, белгілі мөлшердегі сыйақыға және т.б. байланысты.

Нарықтағы сатушы мен сатып алушы арасындағы **өзара қарым-қатынас тәсілі** мынаны қамтиды:

- серіктес таңдау мен мәміле жасау кезіндегі сатушылар мен сатып алушылардың әрекетін белгілейтін **әртүрлі ережелер;**
- пайдаланылатын **техникалық құралдар** (мысалы, ақпарат алмасу, тауар жеткізу, сапаны бақылау үшін).

Тәртіп **мәдениетпен** (әдет, дәстүр, сана, ұлттық мінез ерекшелігі) айқындалады, ол формалды емес болуы да мүмкін және кейбір адамдар ерікті қабылдайды немесе қоғамның барлық мүшелері міндетті түрде орындау үшін заңда көрсетіледі.

Көрсетілген ұсыныс пен сұраныстың ара қатынасы және өзара іс-әрекет жасау ережесі нарықта белгілі дәрежеде **тепе-теңдік** орнатады — тауар мен қызмет көрсету жағдайы сатушыға да, сатып алушыға да тиімді бағада болады.

Нарықты ұйымдастыру формалары әртүрлі: кездейсоқ айырбас; базар; аралатпа сауда; көтерме базар; жәрмеңке; биржа, бөлшектік сауда; пошта арқылы сауда; электрондық сауда.

Тауарлар мен қызметтердің салалық нарығын қарама-қарсы екі жағдай бөліп қарастырады: «сату-

телей знаний (занятых в науке и научном обслуживании), их распространителей (информационных сетей, учебных заведений, инновационных фирм) и потребителей (все общество);
- развитие малого бизнеса, прежде всего, из-за быстрого обновления и высокой дифференциации выпускаемой продукции;
- глобализация хозяйственной деятельности, в результате которой экспорт или импорт продукции и услуг становятся постоянным видом деятельности компаний.

В чем особенности понятий «рынок, покупатель, продавец»?

В экономике рынок некоторого товара или услуги — это совокупность взаимоотношений между продавцом и покупателем, которые вступают в отношения обмена. Рынок — это также непосредственно место, где продаются и покупаются товары (то есть базар, городской или сельский рынок).

Покупатели предъявляют на товар или услугу определенный спрос, т.е. они готовы купить некоторое количество блага в зависимости от его цены. Как правило, при увеличении цены покупатели уменьшают объем спроса на благо, а при снижении цены — увеличивают. Спрос зависит от предпочтений (вкусов) потребителей, их доходов, цен на другие товары и услуги.

Поведение продавцов характеризуется предложением — готовностью продать некоторое количество товара или определенное количество услуг в зависимости от цены. В отличие от покупателей, продавцы при росте цены увеличивают объем предложения, а при ее снижении — уменьшают. Готовность предлагать товары и услуги к продаже зависит от технологии производства, цен ресурсов, желания производителей получить вознаграждение определенного размера и т. д.

Способ взаимодействия продавцов и покупателей на рынке включает в себя:

- **различные правила,** которые определяют поведение покупателей и продавцов при выборе партнера и заключении сделки;
- **используемые технические средства** (для обмена информацией, для доставки товара, для контроля качества и т.д.).

Правила поведения определяются культурой (привычками, традициями, моралью, особенностями национального характера), могут быть неформальными и приниматься отдельными людьми добровольно или устанавливаться законом, обязательным для выполнения всеми членами общества.

При заданном соотношении спроса и предложения и заданных правилах взаимодействия на рынке установится определенное **равновесие** — состояние, при котором товар и услуга продаются и покупаются по такой цене, которая является выгодной как для продавца, так и для покупателя.

Форма организации рынков может быть разная: случайный обмен, базар, торговля вразнос, оптовые рынки, ярмарки, биржи, розничная торговля, торговля по почте, электронная торговля.

шы нарығы» және «сатып алушы нарығы». **«Сатушы нарығы»** сұраныс ұсыныстан жоғары болған жағдайда пайда болады. Бұл —нарықта кез келген тауар немесе қызмет қойылған талапқа сәйкес келмесе де тез сатылып кетеді, ең бастысы олардың болғандығында. Мұнда сапаға қарағанда саны маңызды, тауар жиынтығы аз, сервис пен бәселестік мүлдем жоқ. Мұндай нарықта сатып алушы қол жеткізгеніне қанағат етеді. **«Сатып алушы нарығында»** ұсынысқа қарағанда сұраныс жоғары тұрады. Бұл жағдайда, ұсыныс көлемі сәл көтерілгенде, сатып алушының тауарды немесе қызметті таңдау мүмкіндігі де артады.

Сатып алушы сұранысын қалыптастыру, тауар бағасы мен жеке бюджет мөлшерін, яғни жеке табысын ескере отырып, дербес тауар (қызмет) таңдауды жүзеге асыру **сатып алушы мінез-құлқы** деп аталады. Мінез-құлық — мәдени және жеке, әлеуметтік, сондай-ақ психологиялық факторлар жиынтығы арқылы айқындалады. Табыс — жеке адам немесе үй шаруашылығындағы адам нені және қанша мөлшерде сатып алатындығын анықтайды. Тәртіпке климат, жергілікті жердің географиялық ерекшелігі, тұрғындардың жинақылық деңгейі, өңірде қалыптасқан ахуалдар мен басқа да жағдайлар ықпал етеді.

На отраслевом рынке товаров и услуг различают два противоположных состояния: «рынок продавца» и «рынок покупателя». **«Рынок продавца»** появляется в случае, если спрос выше предложения. На таком рынке любой товар или услуга немедленно находят сбыт, даже если они не до конца отвечают предъявленным требованиям, главное — чтобы они вообще были. Важным является количество, а не качество, сервиса нет вообще, ассортимент небольшой, конкуренция практически отсутствует. На таком рынке покупателю приходится довольствоваться тем, что есть, не выбирая. **«Рынок покупателя»** — состояние, когда предложение выше спроса. В этой ситуации, даже небольшое превышение предложения влечет за собой возможность покупателя выбирать товар или услугу.

Формирование спроса покупателей, осуществляющих самостоятельный выбор товаров (услуг) с учетом цен и личного бюджета, то есть собственных денежных доходов, называется **покупательским поведением**. Поведение определяется совокупностью культурных факторов, личностных и социальных, а также психологических факторов. Доход определяет, что и в каком количестве будет покупать отдельный человек или домохозяйство. На поведение также влияют климат, географические особенности местности, степень мобильности населения, сложившаяся ситуация в регионе и многое другое.

ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ОРНЫ ҚАНДАЙ?

Шағын және орта бизнес дегеніміз:

- кішігірім фирмалардың, ресми түрде бірлестікке кірмейтін шағын кәсіпорындардың кәсіпкерлік қызметіне сүйенетін бизнесі;
- экономикалық даму қарқынын, халықтың жұмыспен қамтылуын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайтын бизнес секторы.

Шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы рөлі зор.

Біріншіден, нарық жағдайындағы қажетті икемділікті қамтамасыз етеді, терең мамандану мен кооперация жасайды, онсыз жоғары тиімділік туралы сөз болуы мүмкін емес.

Екіншіден, тұтынушылық салада қалыптасқан кемкетікті жылдам қалпына келтірумен қатар, салыстырмалы түрде алғанда, шығын орнын жылдам толтырады.

Үшіншіден, бәсекелестік атмосферасын құрады.

Төртіншіден (бұл ең бастысы), нарықтық экономиканың басты тетігі — кәсіпкерлік орта мен кәсіпкерлік рухын қалыптастырады.

Шағын кәсіпорындардың тағы бір ерекшелігі — күрделі бәсекелестік күресті жүргізе жүріп, олар ағымдағы нарық жағдайына әрдайым бейімделуге және дами түсуге мәжбүр болады, себебі өмір сүру дегеніміз өмір сүруге қажетті заттарды алу дегенді білдіреді, яғни пайда табу үшін басқалардан ерекшелену керек.

Шағын және орта кәсіпорындар нарықтың молығуына ықпал етеді және баға тұрақтылығының қарқынын анықтайды, бәсекелестік ортасын қалыптастырады.

КАКУЮ РОЛЬ ИГРАЕТ МАЛЫЙ БИЗНЕС В РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ?

Малый и средний бизнес — это:

- бизнес, опирающийся на предпринимательскую деятельность небольших фирм, малых предприятий, формально не входящих в объединения;
- сектор бизнеса, во многом определяющий темпы экономического роста, состояния занятости населения, структуру и качество валового национального продукта.

Роль малого и среднего бизнеса в экономике страны велика.

Во-первых, он обеспечивает необходимую мобильность в условиях рынка, создает глубокую специализацию и кооперацию, без которых немыслима его высокая эффективность.

Во-вторых, он способен не только быстро заполнять ниши, образующиеся в потребительской сфере, но и сравнительно быстро окупаться.

В-третьих, — создавать атмосферу конкуренции.

В-четвертых (и это, пожалуй, самое главное), он создает ту среду и дух предпринимательства, без которых рыночная экономика невозможна.

Важность малых предприятий еще и в том, что, ведя ожесточенную конкурентную борьбу за выживание, они вынуждены постоянно развиваться и адаптироваться к текущим условиям рынка, ведь чтобы существовать — надо получать средства к существованию, а значит быть лучше других, чтобы прибыль доставалась именно им.

Малые и средние предприятия влияют на насыщенность рынка, определяют тенденцию к устойчивости

Нарықтық экономикада шағын және орта бизнес ірі компанияларға қарсы тұрмайды, олармен қарым-қатынас жасайды, инновациялық процестерді жымдамдатуға және халық шаруашылығын қайта құруға қатысады. Шағын бизнесті дамыту халық кәсіптің қайта жаңғыруына, тиімсіз және шығыны көп кәсіпорындардың қысқаруына, шағын жергілікті шикізат көздерін және ірі өндіріс қалдықтарын дұрыс пайдалануға, өндіріс нарықтарында бәсекелестік ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Шағын кәсіпкерлік — нарықтық экономиканың маңызды әлеуметтік- экономикалық міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін қажетті бөлігі. Бұл шағын бизнестің ұлттық шаруашылықты дамытудағы ерекше орнын белгілеген дамыған елдердің тәжірибесінде көрінеді.

Мысалы, АҚШ-та жалпы өнімнің 40% жуығын өндіретін шағын бизнес кәсіпорындары еңбекке жарамды тұрғындардың жартысын жұмыспен қамтиды, ірі фирмаларға қарағанда жаңалықтарды екі есе көп меңгереді. Оларды тұтыну құрылымындағы өзгерістерге әрекет ететін өнеркәсіптегі инновациялық процестердің негізгі генераторы десек те болады. Шағын фирмалар саланың құрылымдық қайта құрылуын қамтамасыз етеді, экономикадағы монополизмді жеңе отырып, тұтынушылық нарықтағы баға құрылымына ықпал етеді және т.б.

Германия, Канада, Ұлыбританияда өндірістегі шағын бизнестің үлесі 60-70% құрайды.

Жетекші елдердің өнімді экспортқа шығаруына шағын бизнестің қатысуы үлкен көрсеткіш болып саналады. Сарапшылардың бағасы бойынша, бірқатар дамыған елдердің өнеркәсіп экспортындағы шағын және орта фирмалардың үлесі мынаны құрайды: Германия және Нидерланды — шамамен 40%, Италия — 20-25%, АҚШ және Жапония — 15%. Егер олардың ірі фирмалар экспортқа шығаратын дайын өнімді жиынтықтау жұмысындағы үлесін есепке алар болсақ, онда өнеркәсіптік тауарлардың экспорттық құнындағы үлесі Италияда 60%, Францияда — 50%, Жапонияда — 40%-ға жуықтайды. Сонымен қатар, шағын бизнес жоғары мәнге ие болған сала ретінде технологиялардың халықаралық саудасын алуға болады. Мысалы, АҚШ-та сатылған лицензиялардың 50%-ы шағын кәсіпорындарға, инновациялық фирмаларға тиесілі. Технологиялардан басқа, шағын бизнес экпортындағы басты баптардың бірі машина жасау, металл өңдеу, химиялық, электр техникалық, текстильдік және басқа да өнеркәсіп салаларының өнімдері болып табылады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚТАРҒА ТАП БОЛДЫ?

Кез келген мемлекеттің, әсіресе дағдарыстан кейін экономикалық өсуіне ықпал ететін қозғаушы күш кәсіпкерлік болып табылады. Қазақстан — тәуелсіздіктің алғашқы кездерінен бастап-ақ жекеменшік институтын қорғауға және кәсіпкерлік бастаманы жан-жақты қолдауға негізделген нарықтық экономиканы құруды мақсат етті.

цен, формируют среду конкуренции.

В рыночной экономике малый и средний бизнес не противостоит крупным компаниям, а взаимодействует с ними, участвует в ускорении инновационного процесса и в структурной перестройке народного хозяйства. Развитие малого бизнеса способствует возрождению народных промыслов; сокращению нерентабельных и убыточных предприятий; рациональному использованию небольших местных источников сырья и отходов крупных производств; формированию конкурентной среды на рынках факторов производства.

Малое предпринимательство — необходимый элемент рыночной экономики, позволяющий решать важные социально-экономические задачи. Это подтверждается опытом развитых стран, где малый бизнес занимает прочные позиции в развитии национальных хозяйств.

Так, в США предприятия малого бизнеса, производящие около 40% валового продукта, обеспечивают занятость почти половины трудоспособного населения, осваивая вдвое больше нововведений, чем крупные фирмы. Они представляют собой основные генераторы инновационных процессов в промышленности, динамично реагируя на изменения структуры потребления. Малые фирмы активизируют структурную перестройку отраслей, преодолевая монополизм в экономике, влияют на структуру цен потребительского рынка и т.д.

В Германии, Канаде, Великобритании доля малого бизнеса в производстве составляет 60-70%.

Показательным является также участие малого бизнеса в экспорте продукции ведущих стран. По оценке экспертов, доля малых и средних фирм в промышленном экспорте ряда развитых стран составляет: Германии и Нидерландов — примерно 40%, Италии — 20-25%, США и Японии — 15%. Если же учесть их участие в комплектации готовой продукции, вывозимой за рубеж крупными фирмами, то их доля в стоимости экспорта промышленных товаров приблизится к 60% в Италии, 50% — во Франции, 40% — в Японии. При этом сфера, где малый бизнес приобрел особое значение, — международная торговля технологиями. Например, 50% лицензий, проданных США, приходится на малые предприятия, инновационные фирмы. Помимо технологий важными статьями экспорта малого бизнеса является продукция машиностроительной, металлообрабатывающей, химической, электротехнической, текстильной и других отраслей промышленности.

С КАКИМИ ПРОБЛЕМАМИ СТАЛКИВАЕТСЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН?

Решающим фактором стимулирования экономического роста любой страны, особенно в посткризисный период, является частное предпринимательство. Казахстан с первых дней своей независимости был ориентирован на создание рыночной экономики, основанной на защите института частной собственности и всесторонней поддержке предпринимательской инициативы.

Шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан әрі — ШОК) қолдау және оның дамуына қолайлы жағдай жасау бойынша мақсатты әрі ретті саясатты жүргізу Қазақстан мемлекеттік экономикалық саясатының басым бағыты деп айтуға болады. Мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдау және оның дамуына қолайлы жағдай жасау үшін қолданып отырған шараларына төмендегілер кіреді: кәсіпкерлік қызметті тіркеу рәсімдерін жеңілдету; салық ауыртпалығын төмендету; меншік пен активтерді заңдастыру; әкімшілік рәсімдер мен рұқсаттарды жеңілдету; кеңсешілдік кедергілерден қорғау; кредиттік ресустарға және басқаларға рұқсат алуды жеңілдету.

2010 жылы ШОК тіркелген субъектілердің өсу қарқыны 2009 жылға қарағанда біршама азайған, ол жылы белсенділер саны - 28% артқан болатын. 2010 жылы жоспарланған оң үрдістер 2011 жылы да жалғасын тапты. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2012 жылдың 1 қаңтарында 1 331 386 бірлікті құрады, оның ішінде белсенді - 736 812 немесе 55%.

Шағын кәсіпкерлікпен белсенді айналысушы субъектілерінің саны 2012 жылдың 1 қаңтарында 1 900 383 құрады. Қазақстандағы ШОК субъектілері үшін экономикалық қызметті жүзеге асырудың негізгі түрі ШОК белсенді субъектілерінің 44% айналысатын бөлшектік және көтерме сауда және ауылшаруашылығын (ШОК белсенді субъектілерінің 24%) болып табылады. Көлік және қоймаға сақтау саласындағы ШОК белсенді субъектілерінің үлесі 6%, құрылыста — 2% және өнеркәсіпте тек 3% құрады.

Қозғаушы күштерді және нақты өңір тұрғындарының санын есепке алғанда, ШОК белсенді субъектілерінің Қазақстанның өңірлері бойынша бөлінуі біркелкі емес. ШОК белсенді субъектілерін өңірлерге бөліп шолу жасағанда, субъектілердің көпшілігі Оңтүстік Қазақстан облысында (230 мыңнан астам), Алматы облысында (151 мың) және Алматы қаласында (185 мың) жұмыс істейтіндігін көрсетті. Ең төменгі көрсеткіштерді Батыс Қазақстанда (37 мың) Қызылорда (36 мың), Солтүстік Қазақстан (35 мың) облыстары көрсетті. Өңірдегі шағын бизнес субъектілерінің мөлшері 2-суретте көрсетілген.

Ұйымдық-құқықтық нысан бойынша ШОК белсенді субъектілерінің құрылымында өз қызметін жеке тұлға ретінде жүзеге асыратын субъектілер басым — яғни, жеке кәсіпкерлер, 2012 жылдың 1 қазанында олардың саны 500629 бірлікті құрады немесе ШОК белсенді субъектілері жалпы санының 67%. ФШҚ саны 174726 бірлікті құрады немесе 24%, ал заңды тұлғалар — ШОБ кәсіпорындары — 64457 бірлік немесе белсенді субъектілері жалпы санының 9% құрады.

Проведение целенаправленной и последовательной политики по поддержке малого и среднего предпринимательства (далее — МСП), и создание благоприятных условий для его развития является одним из приоритетов государственной экономической политики Казахстана. В целом, среди мер, предпринятых государством для поддержки и создания благоприятных условий для развития предпринимательства, следует отметить следующие: упрощение процедуры регистрации предпринимательской деятельности; снижение налогового бремени; легализация собственности и активов; упрощение административных процедур и разрешений; защита от бюрократических барьеров; облегчение доступа к кредитным ресурсам и другие.

В 2010 году темпы роста зарегистрированных субъектов МСБ незначительно сократились в сравнении с 2009 годом, тогда как количество активных — возросло на 28%. Положительные тенденции, наметившиеся в 2010 году, продолжились и в 2011 году. Количество зарегистрированных в Республике Казахстан субъектов малого предпринимательства на 1 января 2012 года составило 1 331 386 единиц, из них активных — 736 812 или 55%. Отраслевая структура МСП представлена на рисунке 1.

Численность активно занятых в малом предпринимательстве на 1 января 2012 года составила 1 900 383 человек. Наиболее распространенным видом экономической деятельности для субъектов МСП в Казахстане является оптовая и розничная торговля, где занято 44 % активных субъектов МСП, и сельское хозяйство (24% активных субъектов МСП).

Доля активных субъектов МСП в сфере транспорта и складирования составила 6 %, промышленности — 3 %, в строительстве — 2 %.

Ввиду ряда факторов и, в первую очередь численности населения, проживающего в конкретном регионе, распределение субъектов МСП по регионам Казахстана является неравномерным. Обзор зарегистрированных субъектов МСП в региональном разрезе показывает, что наибольшее количество субъектов зарегистрировано в Южно-Казахстанской области (более 230 тыс.), в Алматинской области (151 тыс.) и в г. Алматы (185 тыс.). Наименьшие показатели имеют Западно-Казахстанская (37 тыс.), Кызылординская (36 тыс.) и Северо-Казахстанская (35 тыс.) области. Количество субъектов малого бизнеса в регионах показано на рисунке 2.

В структуре активных субъектов МСП по организационно-правовым формам преобладают субъекты, осуществляющие деятельность в форме физического

1-сурет. ШОК салалық құрылымы (01.01.2012 ж.)
Ескертпе: ҚР Статистика жөніндегі агенттігі деректері бойынша жасалды (www.stat.gov.kz).
Рисунок 1. Отраслевая структура МСП (на 01.01.2012 г.)
Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).



2-сурет. Өңірлер бойынша ШОК субъектілері (01.01.2012 жыл бойынша, бірлікпен)
Ескертпе: ҚР Статистика жөніндегі агенттігі деректері бойынша жасалды (www.stat.gov.kz).
Рисунок 2. Субъекты МСП в разрезе регионов (количество единиц на 01.01.2012 г.)
Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).



ШОК секторының Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2008-2010 жылдарда:

- Жалпы шаруашылық етуші субъектілер санындағы тіркелген ШОК субъектілерінің үлесі 95% құрады;
- ШОК айналысатындардың саны 1 995 мың адамнан 2 522 мың адамға артты, яғни жұмыспен қамтылған тұрғындардың жалпы санының 31%-ын құрады;
- ШОК өнімінің жылдық шығарылымы 4 873 млрд. теңгеден 6 847 млрд.теңгеге дейін көтерілді, ЖІӨ 32%-ды құрады.

Бұл деректер Қазақстанда кәсіпкерлік қызметтік жүзеге асыру көпшілікті сипатқа ие болғандығын дәлелдейді.

лица — это индивидуальные предприниматели, количество которых на 1 января 2012 г. составило 500629 единиц или 67% от общего количества активных субъектов МСП. Количество КФХ составило 174726 единиц или 24%, а юридических лиц — 64457 или 9% от общего количества активных субъектов МСП.

Ежегодно наблюдается увеличение роли сектора МСП в социально-экономическом развитии Казахстана. За 2008-2010 годы:

- Доля зарегистрированных субъектов МСП, в общем количестве хозяйствующих субъектов, составила 95%;
- Численность занятых в МСП выросла с 1 995 тыс. чел. до 2 522 тыс. чел., составляя 31% общей численности занятого населения;
- Годовой выпуск продукции МСП вырос с 4 873 млрд. тенге до 6 847 млрд. тенге, составляя 32% от ВВП.

Эти данные свидетельствуют о том, что осуществление предпринимательской деятельности в Казахстане приобретает все более массовый характер.

3-сурет. 01.01. 2012 жылғы Ұйымдық-құқықтық нысан бойынша ШОК субъектілерінің құрылымы
Рисунок 3. Структура субъектов МСП в разрезе организационно-правовых форм на 01.01. 2012 г.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУҒА ЖӘНЕ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ҚАНДАЙ БАҒДАРЛАМАЛАР БАР?

Қазақстанның тәуелсіздік алған кезінен бастап кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар тарихын мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

1. Бірінші кезең — 1992-1994 жылдар аралығы;
2. Екінші кезең — 1994-1996 жылдар аралығы;
3. Үшінші кезең — 1997-2000 жылдар аралығы;
4. Төртінші кезең — 2001-2003 жылдар аралығы;
5. Бесінші кезең — 2004-2007 жылдар аралығы;
6. Алтыншы кезең — 2008 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін.

Мемлекеттің 1992-1994 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламасын қабылдауы осы саладағы бастапқы шаралардың бірден бірі болып табылады, ол жеке кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуының, оны ауқымына қарай бөлместен, тұтастай алғанда

КАКИЕ СУЩЕСТВУЮТ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ И ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН?

С начала становления независимого Казахстана, историю государственных мер по поддержке предпринимательства можно разделить на следующие периоды:

1. Первый период — с 1992 по 1994 годы;
2. Второй период — с 1994 по 1996 годы;
3. Третий период — с 1997 по 2000 годы;
4. Четвертый период — с 2001 по 2003 годы;
5. Пятый период — с 2004 по 2007 годы;
6. Шестой период — с 2008 года по настоящее время.

Одной из первых мер в этой сфере является принятие Государственной программы поддержки и развития предпринимательства в Республике Казахстан на 1992-1994 годы, которая заложила основы становления и развития частного предпринимательства в целом, не разделяя его по масштабности. Основными препятствиями развития предпринимательства на тот

негізін қалады. Сол кезде кәсіпкерліктің дамуына басты кедергі болғандар тұтас және тұрақты заңнаманың, тиісті салық саясатының болмауы, инвестиция және несие, өндіріс ғимараттарын, шикізат ресурстарын, ақпарат алудың қиындықтары, яғни құрылуы Бағдарламада болжанған кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан нақты қолдау механизмінің болмауы. Кәсіпкерлік топтарын белсенді қалыптастыру үшін қажетті жағдай туғызу мақсатында, сонымен қатар республикада экономикалық реформаның сенімді әлеуметтік базасын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту жөніндегі 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама әзірленіп, қабылданды. Сол кезеңнің басты мақсаты салық ауыртпашылығын бұрын қолданылған салық және төлемдерді қысқарту арқылы төмендету, сонымен қатар елдің барлық аумағында салық ережелерінің бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ету болып табылған салық реформасын жүзеге асырумен есте қалды. Ел экономикасын реформалау үдерісінде шағын бизнес басты рөл атқарды. Шағын кәсіпкерлікті өнеркәсіп секторын әртараптандырумен бірге дамыту «Қазақстан-2030» Стратегиясының бірден-бір негізі болып табылды.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі болатын алдыңғы кезеңдегі мәселелерді болдырмау және мемлекеттің қол жеткізген оң беталыстарын бекіту мақсатында 1997-2000 жылдар аралығында мынадай шаралар жүзеге асырылды:

1. «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды және жандандыруды күшейту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3398 Жарлығы қабылданып, ол шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту шараларының мәртебесін мемлекеттік экономикалық саясаттың басым саласымен ресми түрде бекітті және жүзеге асырылатын шараларды, бірінші кезекте, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге, олардың әлеуметтік мәселелерді шешуге және еңбек белсенділіктерін арттыруға, тұтыну нарығын көптеген тауарлар мен қызметтердің түр-түрімен толтыруға жолдады.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылдың 26 сәуіріндегі Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құрды («Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 қаулысы).
3. Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды, ол мемлекеттік қолдаудың, атап айтқанда, нарықтық экономикадағы оның ерекше рөліне байланысты, шағын бизнесті қолдаудың басты бағыттарын белгілеп берді.

2001 жылы Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі 2001-2002 жылдарға арналған кезекті Мемлекеттік бағдарлама қабылданды, ол шағын кәсіпкерліктің құрылып жатқан қолдау және қорғау инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыруды, шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді

момент являлись: отсутствие цельного и стабильного законодательства, адекватной налоговой политики, трудности в получении инвестиций и кредитов, производственных помещений, сырьевых ресурсов, информации, то есть отсутствие реального механизма государственной поддержки предпринимательства, создание которого предполагала Программа. С целью создания необходимых условий для активного формирования слоя предпринимателей, обеспечивая тем самым надежную социальную базу экономических реформ в республике, была разработана и принята Программа Государственной поддержки и развития предпринимательства в Республике Казахстан на 1994-1996 годы. Данный период ознаменовался осуществлением налоговой реформы, главной целью которой было снижение налогового бремени через сокращение действовавших налогов и платежей, а также обеспечение единого применения налоговых правил на всей территории страны. В процессе реформирования экономики страны, малый бизнес приобрел ключевую роль. Развитие малого предпринимательства в единстве с диверсификацией промышленного сектора явилось одной из основ Стратегии «Казахстан — 2030».

В период с 1997 по 2000 годы в целях устранения проблем предыдущего периода, препятствующих развитию малого предпринимательства, и закрепления достигнутых положительных тенденций государством, были осуществлены следующие меры:

1) Был принят Указ Президента Республики Казахстан от 6 марта 1997 года № 3398 «О мерах по усилению государственной поддержки и активизации развития малого предпринимательства», который официально утвердил статус мер поддержки и развития малого предпринимательства приоритетной сферой государственной экономической политики и направил осуществляемые меры, в первую очередь, на обеспечение занятости населения, решение его социальных проблем и развитие трудовой активности, наполнение потребительского рынка широким ассортиментом товаров и услуг;
2) Правительством Республики Казахстан 26 апреля 1997 года был создан Фонд развития малого предпринимательства (Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 апреля 1997 года № 665 «О создании фонда развития малого предпринимательства»);
3) Была принята Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства на 1999-2000 годы, которая определяла основные направления государственной поддержки именно малого бизнеса вследствие его особой роли в рыночной экономике.

В 2001 году была принята очередная Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан на 2001-2002 годы, которая предполагала повышение эффективности использования создаваемой инфраструктуры поддержки и защиты малого предпринимательства, совершенствование нормативных правовых актов в сфере малого

жетілдіруді, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың қаржы-несие механизмдері мен инвестициялық саясатын жетілдіруді, шағын кәсіпкерлікті кадрмен, ғылыми-әдістемелік және ақпарат жағынан қамтамасыз етуді, шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамытуды топшылайды.

Екінші назар аударатын нәрсе — **эмоция**. Кез келген келіссөздердің шешіміне ықпал ету үшін сыртқы және ішкі қасиеттерді пайдалана білу керек. Біздің сезімдеріміз айналамыздағыларға ықпал етеді. Сіз таныс болмауыңыз мүмкін немесе бір-біріңізді жақсы танымайсыз, бірақ Сіздің ішкі күйіңізді әңгімелесуші адам сезінеді.

Сізге бөгде адамдарды тарта білу керек. Қорқыныш, қауіп-қатерді кейінде қалдырыңыз, ал сенім және шабыт бизнесіңіздің табыстылығы үшін өте қажет. Тек қана іскерлік тілді және кәсіби терминдерді пайдаланбаңыз, сонымен қатар сүйкімділігіңізді де пайдалана біліңіз. Өзіңіз тәліміңіз арқылы ұсынысыңыздың жақсы екендігіне, одан бас тартуға болмайтындығына сендіріңіз. Дегенмен, шектен шықпаңыз: артық қызбалыққа, қылымсушылыққа немесе ашушаңдыққа бой алдырмаңыз. Салмақты әрі сүйкімді адам сенім ұялатады. Маңызды келісім-шартты жасау кезінде масаттану және жабығу сезімі артық болады. Нақ ортасын табыңыз, кездесу барысында жақсы көңіл күйді сақтауға тырысыңыз.

Үшінші — келіссөз **атмосферасы**. Селқос болсаңыз, серіктестікке келісім алу мүмкін емес. Егер әңгімеге тартып отырған адамыңыз істің барысын білген күнде де, күмәнмен қарайтын болса, сіздің міндетіңіз — оны көндіру және өзіңізге қажетті бағытқа салу. Батыл әрекет етіңіз, бірақ дұрыс әрекет етіңіз. Мысалы, әңгімелесуші адамға тік қарап отыруға болмайды. Ең дұрысы — адамнан сәл қиғаштай отыру. Сондықтан тәжірибелі мамандар маңызды келіссөздер үшін дөңгелек үстелдерді қолданады — әңгімелесуші адамда өзіне өте қатал көзқараспен қарап отыр деген түйсік болмайды. Кездесу өткізілетін кеңістіктің ұсақ-түйегіне дейін ойластырыңыз. Жарық, шу, иіс, түс — мұның бәрі маңызды. Кабинеттегі заттар әңгіменің тақырыбына құлақ салуға кедергі келтірмеуі керек, бірақ қажетті шешімге келуге көмек көрсететін жарқын мезеттерді де ойластырыңыз. Мысалы, суреттер, фотосуреттер, тауардың үлгілері. Жарық көзге шағылыспай, үстелге түсіріп тұруы қажет. Иіс те келіссөз барысына ықпал етеді. Арзан ащы иіссуларды сеппеңіз, кабинетте ауа

переговоры на любом уровне, не обязательно быть великим оратором. Нужно сочетать все сильные стороны своего бизнеса со слабостями или предпочтениями собеседников.

Чтобы Ваши переговоры были успешными, следует выполнять несколько условий.

Первое, что должно лежать в основе переговоров — это **выгода**. Если правильно показать все преимущества Вашего товара/бизнеса — минусы будут рассматриваться в последнюю очередь.

Удачные переговоры и очевидная выгода — это выгода во всех затрачиваемых ресурсах и возможных перспективах. Эта выгода не обязательно должна быть финансовой. Есть предложения, которые даже при небольшой планируемой прибыли, могут быть привлекательными, потому что на них выигрывают обе стороны: они не занимают много времени и сил для реализации, помогают сформировать положительный имидж компании на рыке и выступают в роли дополнительной рекламы.

Второе, на что следует обратить внимание, — **эмоции**. Для того чтобы повлиять на исход любых переговоров, нужно использовать и то, что лежит на поверхности, и то, что скрыто от посторонних глаз. Ваши чувства влияют на окружающих. Вы можете быть совсем незнакомы и плохо знать друг друга, но именно Ваш настрой почувствуют собеседники. Вам нужно уметь увлекать посторонних людей. Страхи, тревоги должны остаться на втором плане, а вот вдохновение и вера в то, что Вы делаете, необходимы для успеха. Используйте не только сухой деловой язык и профессиональные термины, но и личное обаяние. Докажите своим примером, что Ваше предложение настолько хорошо, что от него нельзя отказаться. Но будьте разумны: излишняя эмоциональность, флирт или нервозность недопустимы. Доверие вызывает уверенное спокойствие и немного того, что люди называют шармом. Эйфория вряд ли будет уместна при заключении важного контракта, как и депрессия. Ищите золотую середину, и старайтесь сохранять нужный настрой на протяжении всей встречи.

Третье — **атмосфера** переговоров. Добиться согласия на партнёрство невозможно, оставаясь пассивным. Даже если собеседник в курсе дел, но настроен пессимистично или сомневается, задача — переубедить его и настроить на нужный лад. Смело атакуйте, но атакуйте правильно. Например, не стоит садиться прямо напротив собеседника. Лучшая позиция — чуть сбоку от человека, к которому Вы обращаетесь. Поэтому опытные специалисты используют круглые столы для важных переговоров — так у собеседников не возникает ощущения, что на них слишком агрессивно наседают. Продумайте все мелочи пространства, где состоится встреча. Свет, шумы, запахи, цвета — всё это важно. Расставьте акценты так, чтобы общая обстановка кабинета не мешала сосредоточиться на теме разговора, но продумайте яркие моменты, которые помогли бы принять нужное решение. Например, картинки, фотографии, образцы Вашего товара. Используйте свет так,

сергітушіні қолданбаңыз. Керісінше, ауаны озонға айналдырушы құрал сатып алыңыз.

Төртінші — **қимыл, ым-ишара, сөз.** Сізге өз қимылыңызды, ым-ишараңызды басқарып, бет-әлпетіңізді іске қатысты қолдану және мәселенің мәні бойынша ашық сөйлесу керек. Маңызды мәнге ие болатын ұсақ-түйектерді елемеуге де болмайды. Көптеген жемісті мәмілелер жобаны таныстырушы тұлғаның жайлылыққа мән бермеуі, келіссөздерге дұрыс дайындалмауына немесе қарапайым ережелерді ескермеуіне байланысты жүзеге аспай қалды. Харизмасы мен беделі басым, кез келген жағдайда өзінің артына ерте алатын тұлғалардан үйреніңіз және ұсақ-түйектерге ұқыпты болыңыз.

Адамдармен қалай қарым-қатынас жасау керек?

Іскерлік қарым-қатынас жасауда бәсекелестік басымдылық таныту қажет. Табыстың кілті — адамдармен тіл табысуда, оларды сендіре білуде. Мұндай іскерлігіңіз болмаса, белгіленген уақытта бизнесті тиімді ете алмайсыз.

Коммуникация — өзара түсіністікке бастайтын екіжақты ақпарат алмасу процесі. Коммуникация — латын тілінен аударғанда «ортақ, бәрімен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсіністік болмаса, коммуникация жүзеге аспады дегенді білдіреді. Коммуникацияның сәттілігіне көз жеткізу үшін адамдардың Сізді қалай түсінгені, қалай қабылдағаны, Сізге, бизнесіңізге, тауарыңызға және қызметіңізге қалай қарайтындығы туралы қарсы байланыс болуы қажет. Жақсы коммуникация — тұтынушыларыңыз және клиенттеріңіз туралы қамқорлықтың негізі, адамдар арасындағы үйлесімді қатынастың арқауы.

Ақпаратты (біржақты хабарлама) және коммуникация (жауап берілетін хабарлама) немесе «қарсы байланысы» бар хабарлама («feed back», ағылшындар осылай атайды) ажыратып алған дұрыс.

Коммуникациялық процестің басты мақсаты — жеткізілетін ақпаратты түсінуді қамтамасыз ету.

Коммуникация тиімді болу үшін Сізге төмендегіні білу керек:

- Әңгімеге қосылу, әңгімелесушіні дер кезінде тоқтата білу;
- Басқа адамды тыңдау және түсіну;
- Мақтаулы қошеметтерді еркін және әдемі айту, оны дұрыс қабылдау;
- Идеяны үлкен-кіші топқа ұғымды, қысқа әрі сенімді етіп жеткізу;
- Серіктесті қимылы, дауыс ырғағы, кейпі және бет-әлпеті арқылы түсіну;
- Телефонмен келіссөздер жүргізу;
- Іскерлік қатынас қағаздарын жүргізу, коммерциялық ұсыныс дайындау, сұраққа жауап беру;
- Уақытты басқару;
- Жанжалды басу.

чтобы он не светил в глаза, но освещал стол. Запахи тоже могут влиять на возможный исход переговоров. Избегайте резких дешёвых духов, не стоит пользоваться освежителями воздуха в кабинете. Лучше приобрести прибор, который озонирует воздух.

Четвертое — **жесты, мимика, речь.** Вам следует научиться контролировать свои жесты, мимику, уверенно использовать выражения, которые относятся к делу и уметь свободно говорить по существу. Но нельзя пренебрегать мелочами, которые в итоге могут оказать решающее значение. Множество выгодных сделок сорвались лишь потому, что лицо, презентующее проект, не позаботилось о должной обстановке и комфорте, не подготовилось к переговорам или проигнорировало элементарные правила. Учитесь у тех, чья харизма и авторитет всегда заставляют Вас идти за ними в любой ситуации и будьте внимательные к сути так же, как и к деталям.

Как общаться с людьми?

Необходимо иметь конкурентные преимущества и в искусстве делового общения. С умения ладить с людьми, убеждать их и начинается путь к успеху. Без такого умения невозможно развивать бизнес в отведенное время.

Коммуникация — процесс двустороннего обмена информацией, ведущий к взаимному пониманию. Коммуникация — в переводе с латыни обозначает «общее, разделяемое со всеми». Если не достигается взаимопонимания, то коммуникация не состоялась. Чтобы убедиться в успехе коммуникации, необходимо иметь обратную связь о том, как люди Вас поняли, как они воспринимают Вас, как относятся к Вам, Вашему бизнесу, Вашим товарам и услугам. Хорошая коммуникация — основа заботы о потребителях и Ваших клиентах, основа гармоничных отношений между людьми.

Следует различать **информацию** (одностороннее сообщение) и **коммуникацию** (сообщение, на которое поступает ответ), или сообщение с «обратной связью» («feed back», как говорят англичане).

Главная цель коммуникационного процесса заключается в обеспечении понимания передаваемой информации.

Для того чтобы коммуникации были эффективными, Вам необходимо уметь:

- поддерживать беседу или вовремя остановить собеседника;
- слушать и понимать другого человека;
- свободно и приятно говорить комплименты и правильно самим их принимать;
- кратко и убедительно донести свою идею до группы людей;
- понимать партнера по жестам, интонации, позам и выражению лица;
- вести телефонные переговоры;
- вести деловую переписку, составлять коммерческие предложения, отвечать на запросы;
- управлять временем;
- решать конфликты.

Сіз дұрыс тыңдау туралы келесі тоғыз ережені орындай аласыз:

- алдымен, сөзді доғарыңыз;
- сөйлеушінің ашылуына көмектесіңіз;
- сіз оны тыңдауға дайын екендігіңізді көрсетіңіз;
- шамырқанудан аулақ болыңыз;
- сөйлеп отырған адаммен бірге әсерге беріліңіз;
- шыдамды болыңыз;
- өз мінезіңізді басыңыз;
- егеске және сынға жол бермеңіз;
- сұрақ қойыңыз;
- тағы да: сөзді тоқтатыңыз.

Адамдар арасындағы коммуникацияның тиімділігін арттыру тәсілдері көп:

- идеяңызды айтардың алдында, пысықтап алыңыз;
- өзіңіздің бет-бейнеңізге, қимылыңызға, дауыс ырғағыңызға, қалпыңызға назар аударыңыз;
- ашық және түсінуге дайын екендігіңізді білдіріңіз;
- қарсы байланысты орнатуға тырысыңыз (келесі тәсілдерді қолданыңыз — сұрақ қойыңыз; әңгімелесушіге ойын өз сөзімен баяндап беруін сұраңыз);
- әңгімелеушінің қимылын, дене қалпын және дауыс ырғағын бағалаңыз, ол оның түсінбегендігін және шатасқандығын білдіреді;
- жұмыстың алғашқы нәтижелерін бақылаңыз;
- әрқашан сұраққа жауап беруге дайын болыңыз.

Вы можете придерживаться следующих десяти правил эффективного слушания:

- прежде всего, перестаньте говорить;
- помогите говорящему раскрепоститься;
- покажите, что вы готовы слушать;
- устраните раздражающие моменты;
- сопереживайте говорящему;
- будьте терпеливы;
- сдерживайте свой характер;
- не допускайте споров и критики;
- задавайте вопросы;
- и еще раз: перестаньте говорить.

Для повышения эффективности межличностных коммуникаций также Вам следует:

- прояснять свои идеи до того, как начнете их выска--зывать;
- следить за выражением своего лица, жестами, позой, интонациями;
- выражать открытость и готовность понимать;
- задавать вопросы;
- оценивать язык поз, жестов и интонаций собеседника;
- контролировать результаты работы;
- всегда быть готовым ответить на вопросы.

3. НАРЫҚТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ТАЛДАУ

БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ ҮШІН ҚАНДАЙ АҚПАРАТТАР ҚАЖЕТ?

Егер Сізге бизнесіңіз бүгінгі күні жақсы табыс әкелсе — бір немесе екі айдан кейін тура сондай болады деп ойлауға болмайды. Бизнесіңізден тұрақты түрде табыс табу және ертеңгі күнге сенімді болу үшін бизнесті әрдайым дамытып отыру қажет. Дамыту дегеніміз ақша салу ғана емес, бәсекестерді және жаңа шешімдер мен дайын бизнес идеяларды талдау, бағалау және қайта бағалау. Егер Сіз тоқтайтын болсаңыз, бизнестерін үнемі дамыту үстіндегі бәсекелестеріңіз Сізді басып озуы мүмкін: алдымен олар Сіздің бизнесіңіз тоқырауда тұрғандығын түсінеді, батыл әрекетке көшеді, нәтижесінде бизнестің дамуы жағынан басып озады.

Нарықтағы жылдам өзгерістерге бейімделу үшін Сізге клиенттер, бәсекелестер, жеткізушілер мен делдалдар, тасымалдау мүмкіндігі мен кредиттеу, салық салу және мәдени ерекшеліктері туралы ақпарат алып отыру керек. Бірақ, барлық ақпарат жинау жұмысы нарықты зерттеу болып табылмайды. **Нарықты зерттеу** — ақпарат жинау жолындағы жүйелі және шынайы қадам. Жинақталған, өңделген және зерттелген ақпарат қиыншылықтарды және оны шешу мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі. Маркетингтік зерттеу ақпарат **ҚАЛАЙ** алынады және қалай бағаланады, сондай-ақ **НЕ** туралы ақпарат жиналып жатқандығын анықтайды.

Болашақ бизнесіңіз үшін төмендегіні білу керек:

- бизнесіңіздің әлсіз және күшті жақтары қайсы?
- Сіз бүгін сатқан тауарларды адамдар келесіде сатып ала ма?
- Сіздің бизнесіңіз қандай құндылықтарды қалыптастырды?
- Тауар жиынтығын қалай өзгертуге болады?
- Ілеспелі қызметтер керек пе?
- Жаңа клиенттерді қалай табуға болады?
- Жаңа клиенттердің бұрынғылардан қандай ерекшелігі бар?
- Бәсекелестер не істейді, сату көлемін арттыра ма?
- Нарықта жаңа мүмкіндіктер бар ма?
- Бизнесті дамытуға арналған мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қалай қолдануға болады және т.б.

АҚПАРАТТАРДЫ ҚАЛАЙ ЖИНАУҒА БОЛАДЫ?

Ақпарат — дегеніміз, нақты жағдайдағы кәсіпкерді қызықтыратын мәлімет. Ақпарат көзі кез келген нысан, оқиға, көрініс болуы мүмкін. Ақпаратты барлық жерден көруге болады - суреттер, дыбыстар, телебағдарламалар мен фильмдер, сөздер мен бет әлпеті, кітаптар, сандар,

3. АНАЛИЗ РЫНОЧНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

КАКАЯ ИНФОРМАЦИЯ НЕОБХОДИМА ДЛЯ РАЗВИТИЯ БИЗНЕСА

Если Вам сегодня Ваш бизнес приносит неплохие деньги — это не значит, что через месяц или два, Вы будете иметь такой же доход. Для того чтобы получать постоянную прибыль от Вашего бизнеса и быть уверенным в завтрашнем дне, бизнес нужно развивать. Под развитием понимается не только вложение средств, но и анализ, оценка и переоценка своих конкурентов, новые решения и готовые бизнес-идеи. Если Вы остановитесь, то Ваши конкуренты, которые постоянно развивают свой бизнес, обгонят Вас в три счета: сначала они поймут, что Ваш бизнес не развивается, потом они начнут действовать и, в конце концов, они обгонят Вас в своем развитии.

Для того чтобы быстро реагировать на изменения в рыночной среде, Вам постоянно нужна информация о клиентах, конкурентах, поставщиках и посредниках, возможностях транспортировки и кредитах, налогообложении и культурных особенностях. Однако любой сбор информации не может называться исследованием рынка. Исследование рынка — это систематический и объективный подход к сбору информации. Собранная, обработанная и изученная информация помогает определить проблемы и возможности, которые помогут принять Вам более объективное решение с наименьшим риском. Маркетинговое исследование определяет то, КАК информация получается и оценивается, а также ЧТО за информация фактически собирается.

Для выбора направлений развития бизнеса Вам необходимо ответить на следующие вопросы:

- Какие сильные и слабые стороны у Вашего бизнеса?
- Будут ли люди и дальше покупать то, что продается сейчас?
- Какие ценности сформировал Ваш бизнес?
- Как можно дальше изменять ассортимент?
- Нужны ли какие-либо сопутствующие услуги?
- Где можно найти новых клиентов?
- Отличается ли поведение новых клиентов от существующих?
- Как ведут себя конкуренты, будут ли они увеличивать продажи?
- Есть ли новые возможности на рынке?
- Как можно использовать программы государственной поддержки для развития бизнеса и т.д.?

КАК МОЖНО СОБРАТЬ ИНФОРМАЦИЮ?

Информация — это любые сведения, которые интересуют предпринимателя в конкретной ситуации. Источником информации может быть любой объект, событие, явление. Информация содержится везде — в рисунках, звуках, телепередачах и фильмах, словах

сезім және т.б. **Кез келген түрдегі қолданыстағы ақпарат екінші қайтара шығарылған ақпарат де аталады.**

Бұл біреудің деректерді жинағандығын немесе жариялағандығын білдіреді. Кәсіпкер оның бір бөлігін тегін алады, қалғанын баспагерлерден, зерттеу компанияларынан сатып алады. Зерттеудің әртүрлі бағыттары бойынша есептерді әртүрлі ассоциациялар мен оқу орындарының Интернет сайттарынан табуға болады. Бірақ, екінші қайтара шығарылған деректер ескірген немесе мүлдем болмауы мүмкін. Деректерді сатып алмастан бұрын, тегін (немесе арзан) қол жетімді мәліметтерді пайдаланған дұрыс. Күнделікті әртүрлі газеттерді, журналдарды, анықтамалықтарды, көркем әдебиеттерді, арнайы кітаптарды, жарнамалық аңдатпалар мен үндеухаттарды оқып тұрудың маңызы зор. Қажетті ақпаратты радио және тележарнамалардан алуға да болады. Сізге қажетті басқа да ақпараттарды көзі ретінде сауда-өнеркәсіптік палаталар сияқты ұйымдарды, әртүрлі салалық ассоциациялар мен қорларды қарастыруға болады.

Кейде кәсіпкерге біреуді бақылау немесе сұрау арқылы дербес ақпарат жинауға тура келеді. Мұндай деректер **бастапқы ақпарат** деп аталады. **Бақылау** белгісіз нысанды немесе көріністі (мысалы, дүкеннен шығып келе жатқан сатып алушылардың пакетінде не жатқандығын немесе балалар қандай ойынға қызығатындығын бақылау және т.б.) бекітумен және қабылдаумен байланысты. **Сұрау** дегеніміз, белгілі сұрақтар қою арқылы пікірді анықтау.

Сіз клиентке айналып, маркетингтік зерттеулерді дербес жүргізе аласыз. Өзіңізге өзіңіз клиент болыңыз. Оның мұқтаждығы мен қалауын түсініңіз. Клиенттердің жас ерекшеліктеріне талдау жасаңыз, Сіз ұсынатын затқа оларға мұқтаж ба, соны ойлаңыз. Жарнамалық хабарландыруды талдаудан бастауға болады. Есіңізде болсын, бәсекелестеріңіз жарнама беру үшін БАҚ қолданады. Оның жалпы санын санаңыз. Тапқаныңызша, барлық бәсекелес фирмалардың телефонына хабарласыңыз. Олардың шарттарын, бағасын, акцияларын және жеңілдік беру жүйелерін анықтаңыз. Эксперимент жасаудан қорықпаңыз. Қызметтің деңгейін бағалау үшін шеберді үйіңізге шақырыңыз. Жағдайды анықтау үшін бәсекелестің офисіне барыңыз. Бәсекелесіңіз қызмет көрсететін клиенттердің ағынына назар аударыңыз. Адамдармен қарым-қатынас жасаңыз, әңгімелерін тыңдаңыз. Сатып алған заттарын талқылау барысында, олардан құнды ақпараттар алуға болады.

Өзіңіздің баға саясатыңызға талдау жасаңыз. Қаланың әртүрлі аудандарына қарасты қарапайым базарлардағы бағаларды зерттеңіз. Сіз өзіңіздің мақсатты тобыңызды, оның тұтынушылық қабілетін анықтайсыз. Ауылдағы, аудан орталығындағы орташа жалақы туралы статистикалық деректерді зерделеген соң, Сіз тұтынушылардың сатып алу қабілеті қалай өзгергендігін пайымдай аласыз.

и выражениях, книгах, числах, ощущениях и т.д. **Существующая в каком-либо виде информация называется вторичной.**

Это означает, что данные уже собраны или опубликованы кем-то. Часть из них можно найти бесплатно. Данные, которых не хватает, предприниматель может приобрести у издателей, в исследовательских компаниях. Отчеты по различным направлениям исследований можно найти в Интернете на сайтах различных Ассоциаций и учебных заведений. Однако вторичные данные могут быть устаревшими или вообще отсутствовать. Прежде, чем покупать данные, следует воспользоваться доступными бесплатными (или хотя бы недорогими) сведениями. Большую пользу может принести регулярное чтение различных газет, журналов, справочников, художественной литературы, книг по специальным вопросам, рекламных проспектов, листовок и т.д. Нужную информацию можно почерпнуть также из радио- и телерекламы. Другим источником полезной для Вас информации являются такие организации как торгово-промышленная палата, различные отраслевые ассоциации, фонды.

Иногда предпринимателю приходится самостоятельно собирать информацию, наблюдая или опрашивая кого-либо. Такие данные называются **первичными. Наблюдение** связано с восприятием и фиксированием какого-либо явления или объекта (например, можно понаблюдать, что лежит в пакетах покупателей, выходящих из магазина, или в какие игры играют дети и т.д.). **Опрос** — это выяснение мнений путем задавания определенных вопросов.

Вы можете провести маркетинговые исследования самостоятельно, превратившись в собственного клиента. Станьте своим клиентом. Почувствуйте его потребности и пожелания. Проанализируйте возрастную категорию клиентов, нуждаются ли они в том, что Вы хотите им предложить. Начать можно с анализа рекламных объявлений. Помните о том, что Ваши конкуренты пользуются СМИ для дачи рекламы. Подсчитайте их общее количество. Обзвоните все номера конкурирующих фирм, какие только сможете найти. Выясните их условия, цены, акции и систему скидок. Не бойтесь экспериментировать. Пригласите мастера домой, чтоб оценить уровень обслуживания. Посетите офис для выяснения обстановки на месте. Обратите внимание на поток клиентов, которые обслуживаются у Ваших конкурентов. Пообщайтесь с людьми, послушайте их разговор. Обсуждая покупку между собой, они дают Вам ценнейшую информацию.

Проанализируйте свою ценовую политику. Изучите разницу цен на обыкновенных базарах в разных районах города. И Вы узнаете свою целевую аудиторию, её покупательскую способность. Изучив статистические данные о средней зарплате в вашем селе, районном центре, Вы можете определить, как изменилась покупательная способность Ваших потребителей.

БИЗНЕСТІ ДАМЫТУҒА ҚАНДАЙ МҮМКІНДІКТЕР БАР?

Нарықтық мүмкіндіктер — кәсіпкер өзінің бизнесін ұйымдастыру және жүргізу, табыс табу үшін пайдалана алатын кез келген қолайлы жағдайлар, қолданыстағы ахуалдар.

Кәсіпкерлердің төмендегідей перспективалық қызмет салаларында бизнесін бастауға және дамытуға мүмкіндігі бар:

- қызметтер — сервис, жабдықтарға қызмет көрсету және күтім жасау, күзету, қоғамдық тамақтану, оқу, балалар мен қарт адамдарға күтім жасау, жеміс-жидектер мен көкөністерді сұрыптау және т.б.
- қоршаған ортаны қорғау — таза ауа, су, жерді сақтау қалдықтарды жою және т.б.
- бос уақытты пайдалану - туризм, дәстүрлерді оқып білу, мерекелерді ұйымдастыру және өткізу және т.б.

Өз нарығын анықтау дегеніміз — қандай адамдардың немесе ұйымдардың тауарды сатып алу мүмкіндігін белгілеу.

Бұдан әрі дамыту үшін келесі мүмкіндіктеріңіз бар:

- жетіспейтін тауар немесе қызметті ұсыну;
- тауар немесе қызметті жаңаша ұсыну;
- жаңа өнім/жаңа қызметті ұсыну;

Сіздің мынаған мүмкіндіктеріңіз бар:

- басқа кәсіпкерлер немесе компания үшін бір нәрсе шығару;
- жекелеген адамдар немесе отбасы (үй шаруашылығы) үшін бір нәрсе шығару;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру және/немесе өңдеу;
- машиналар мен жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету;
- шаштараздық қызмет көрсету;
- жолаушыларды және жүктерді тасымалдау;
- жеке балалар бақшасын немесе мектеп, оқу орталығын ашу;
- қоғамдық тамақтану қызметін ұсыну;
- бөлшектік дүкен ашу немесе көтерме саудамен ай налысу;
- медициналық және мал дәрігерлік көмек көрсету қызметі, ғимараттар мен аумақты тазалау қызметі.

Қоршаған ортаны зерттеп, нарықтағы өзгерістерді бақылау арқылы **маркетингтік мүмкіндікті,** яғни кәсіпкер өзінде бар мақсаттар мен ресурстарды пайдалана отырып, бәсекелестік жағынан артықшылыққа ие болатын бизнесті дамыту бағыттын анықтауға болады.

Нарықтық қауіп — кәсіпкерлік қызметке жағымсыз әсер ететін оқиға, жағдай.

Нарықтық мүмкіндіктер мен қауіпті бағалау кезінде бизнесіңіздің **қоршаған ортасын** да талдаған жөн. Талдау деп, экономиканың, құқықтық реттеу және басқарудың, саяси процестердің, табиғи орта мен ресурстардың, қоғамның әлеуметтік және мәдени

КАКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ЕСТЬ ДЛЯ РАЗВИТИЯ БИЗНЕСА?

Рыночные возможности — это благоприятные обстоятельства, которые предприниматель может использовать для дальнейшего развития своего бизнеса и получения прибыли.

Вы можете развивать бизнес в таких перспективных сферах деятельности как:

- Услуги — сервис, обслуживание и уход за оборудованием, охрана, общественное питание, обучение, уход за детьми и пожилыми людьми, сортировка овощей и фруктов и т.д.,
- охрана окружающей среды — сохранение чистого воздуха, воды, земли, утилизация отходов и т.д.,
- использование свободного времени — туризм, изучение традиций, организация и проведение праздников и т.д.

Определение перспектив развития своего рынка — это понимание того, какие люди или организации смогут в перспективе купить Ваш товар.

У Вас имеются следующие возможности для дальнейшего развития:

- предложение товаров или услуг, которых не хватает,
- предложение товаров/услуг в новом свете,
- предложение совершенно новой продукции/новых услуг.

Вы можете:

- что-либо производить для других предпринимателей или компаний,
- что-либо производить для отдельных людей или семей (домохозяйств),
- выращивать и/или перерабатывать сельхозпродукцию,
- осуществлять ремонт и обслуживание машин и оборудования,
- оказывать парикмахерские услуги,
- осуществлять перевозки пассажиров и грузов,
- открыть частный детский сад или школу, учебный центр,
- предлагать услуги общественного питания,
- открыть розничный магазин или заниматься оптовой торговлей,
- оказывать медицинские и ветеринарные услуги, оказывать услуги по уборке помещений и уходу за территориями.

Изучая окружающую среду и следя за переменами на рынке, можно определить **маркетинговую возможность** — привлекательное направление развития бизнеса, на котором предприниматель может добиться конкурентного преимущества в соответствии со своими целями и имеющимися ресурсам.

Рыночные угрозы — события, наступление которых может оказать неблагоприятное воздействие на предпринимательскую деятельность.

При оценке рыночных возможностей и угроз Вам следует проанализировать **окружающую среду** Вашего бизнеса. Такой анализ включает изучение влияния экономики, правового регулирования и управле-

құрамының, ғылыми-техникалық, технологиялық дамудың, инфрақұрылымның ықпалын айтамыз.

Бірінші кезекте, Сізге **саяси ортаға** — заңдар, мемлекеттік мекемелер мен топтардың қысымына байланысты мүмкіндіктер мен қауіптерді зерттеу қажет.

Заңнамалық актілер адал бәсекені қамтамасыз ететін ережелерді құрайды және тауар мен қызметті дамытуға жайлы жағдай жасайды. Үкімет мемлекеттік саясатты үш бағытта жүргізеді:

- кәсіпкерлік қызметті реттеу;
- бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру жолымен тұтынушыны және қоғам мүддесін қорғау;
- коммерциялық қызметті әдеп нормаларына сәйкес жүргізу.

Саяси орта сатып алушылық қабілетке, тұтынушы табысының құрылымына, іскерлік белсенділіктің артуына ықпал етеді.

Сізге мына көсеткіштерді зерттеп білген дұрыс:

- кәсіпкерлікті қолдау және дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар;
- Бизнестегі салық салу;
- Саудадағы кедергілер (тарифтер, баж салығы);
- Отандық өндірушіні қорғау шаралары;
- Еңбек кодексінің талаптары;
- Елде қабылданған табиғатты пайдалану саясаты;
- Бухгалтерлік есеп жүргізу талабы.

Сонымен қатар, Сізге заңнама мен жергілікті билік органдарының нормативтік құжаттарындағы өзгерістерге, ұзақ мерзімді салымдарды қаржыландыруға арналған үкіметтің кредиттеріне, жұмыс күшін жалдауға қойылатын шектеулер және кредит алу мүмкіндігіне, сондай-ақ басқа елдерге қарсы бағытталған немесе басқа елдермен жасалған тариф және сауда бойынша келісімдерге назар салған дұрыс.

Табиғи орта табиғи ресурстардан тұрады, ол Сіздің бизнесіңізді шикізатпен қамтамасыз етеді және пайдаланатын технологиялардың деңгейіне әсер етеді.

Табиғи ортаға жер, жер байлықтары, топырақ, жер үсті және жер асты сулары, атмосфералық ауа, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, өзге де организмдер, атмосфераның озон қабаты және жерді қоршаған ғарыштық кеңістік жатады. Осылардың бәрі қосылып, Жерде тіршілік етуге қажетті қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Өңіріңіздегі табиғи ресурстарды, оның ерекшелігін, бизнесті дамыту үшін оларды қалай пайдалануға болады деген мәселенің төңірегінде зерделеген дұрыс.

Қазіргі заманда кәсіпкерліктің басты мәселесі табиғи ортаның нашарлауы болып табылады. Қоршаған ортадағы «будың әсері» және су мен ауаның ластануы, озон қабатының жағдайы сияқты кері үдерістер қоғамның өндіріске қатынасын және мұқтаждығын дамытуға ықпал етеді.

ния, политических процессов, природной среды и ресурсов, социальной и культурной составляющих общества, научно-техническое и технологическое развитие общества, инфраструктуры.

В первую очередь Вам необходимо изучить возможности и угрозы, связанные с **политической средой, которая включает** законы, государственные учреждения и группы давления, оказывающие влияние на Ваш бизнес.

Законодательные акты определяют правила, которые обеспечивают условия для добросовестной конкуренции и создают благоприятные условия для развития рынка товаров и услуг. Правительство проводит государственную политику по трем направлениям:

- регулирование предпринимательской деятельности;
- защита потребителя и защита интересов общества путем повышения социальной ответственности бизнеса;
- приведение коммерческой деятельности в соответствие с этическими нормами.

Политическая среда влияет на покупательскую способность, структуру доходов потребителей, темпы роста деловой активности.

Вам следует изучить такие показатели как:

- государственные программы поддержки и развития предпринимательства,
- налогообложение Вашего бизнеса,
- торговые барьеры (тарифы, пошлины),
- меры по защите отечественного производителя,
- требования трудового кодекса,
- принятую в стране политику природопользования,
- требования по ведению бухгалтерского учета.

Вам также следует следить за изменениями законодательства и нормативными документами местных органов власти; кредитами правительства для финансирования долгосрочных вложений, ограничениями по найму рабочей силы и возможностью получения ссуды; а также за соглашениями по тарифам и торговле, направленными против других стран или заключенных с другими странами.

Природная среда состоит из природных ресурсов, которые обеспечивают Ваш бизнес сырьем и влияют на уровень используемых технологий.

К природной среде относятся земли, недра, почвы, поверхностные и подземные воды, атмосферный воздух, растительный и животный мир и иные организмы, озоновый слой атмосферы и околоземное космическое пространство, обеспечивающие в совокупности благоприятные условия для существования жизни на Земле. Вам следует изучить, какие природные ресурсы имеются в Вашем регионе, в чем их особенности, как их можно использовать для развития Вашего бизнеса.

Одной из важнейших проблем современного предпринимательства является ухудшение состояния природной среды. Такие негативные тенденции в окружающей среде, как «парниковый эффект», загрязнение воздуха и воды, состояние озонового слоя влияют на дальнейшее развитие потребностей и отношение общества к производству.

Қоршаған ортаның ластануы көптеген кәсіпкерлердің қызметіне кері әсерін тигізді. Қалдықтар бойынша талаптар күннен-күнге қатаңданып келеді. Сізге тазалаушы құрылғыларды салу, пайдаланылған газдарға арналған катализаторды сатып алу, экологиялық қауіпсіз өнімді өндіруге мүмкіндік беретін басқа да өнімдерді сатып алу үшін қосымша шығын тартуға тура келеді.

Сонымен қатар, Сізде тұйық, экологиялық таза өндіріс процестерін пайдалану немесе өз тауарыңызды және қызметіңізді мұндай өндіріс түрі бар компанияларға ұсыну мүмкіндігі туады. Бүгінгі күні шығындарды қысқартуға ықпал ететін электр энергиясының (су, күн, жел энергиясы, биоотын) балама көздеріне көп көңіл бөлінуде.

Табиғи жағдайлар өнімнің сапасын және тұтыну құрылымын анықтайды. Қоршаған ортадағы ерекшеліктерді есепке ала отырып, Сіз өніміңізді әртүрлі табиғи-климаттық жағдайларда тұратын адамдардың қажеттілігіне бейімдейсіз және сол арқылы бизнесті дамыта аласыз.

Технологиялық орта тауар мен қызметті өндіру және оны тұтыну тәсілін анықтайды, жаңа технологияларды құру қажеттілігіне негізделеді. Бүгінгі күні тауарлардың жаңа үлгілері тез ойлап шығарылғанымен, тез көзден ғайып болады. Тұтынушылар құрамын ерекше жаңа тауарларға көп көңіл бөледі. Тауарлар мен технологияларды күрделендірген сайын, өндіру және пайдалану қауіпсіздігі бойынша тұтынушылар, мемлекеттік органдар тарапынан қойылатын талаптар да артады. Бұл жағдайда, Сізге өнімнің сапасына қойылатын бақылау талаптарын білу керек, оны жаңа тауарларды шығару кезінде ескеріп, қауіпсіз пайдалану кепілдігін қамтамасыз ету шараларын қарастыру қажет.

Негізгі технологиялық үдерістерге төмендегілер жатады, оны бизнесті дамыту кезінде ескерген жөн:

- биотехнология
- нанотехнология,
- балама энергетика,
- микроэлектроника,
- жұмыстың құрылысы,
- гендік инженерия,
- ақпаратты беру технологиясы (Интернет, сандық технология),
- ядеролық синтез,
- ғарыштық технология.

Сондай-ақ, Сізге бәсекелестік артықшылыққа ие болу және уақтылы қызметте пайдалану үшін іргелі және қолданбалы ғылымның бағыттарынан хабардар болып, жаңа технологиялар нарығындағы барлық өзгерістерді, технологияның өзгеру жылдамдығын және қоғамдық өмірге енуін назардан тыс қалдырмау қажет.

Демографиялық орта дегеніміз, ел тұрғындары. Әртүрлі өңір, қала мен елде тұратын тұрғындардың саны мен оның өсу қарқыны үнемі өзгеріп тұратын шама болып табылады. Этникалық құрамы, жас ерекшелігі, білім деңгейі өзгереді, тұрғындардың басқа өңірлерге және елдерге көшуі жиі кездеседі.

Тұрғындар санының күрт өсуі тіршілікке қажетті ресурстарға (энергия, азық-түлік, құрылыс материал-

Загрязнение окружающей среды отрицательно влияет на деятельность многих предпринимателей. Ужесточаются требования по выбросам и отходам. Возможно, Вам придется понести дополнительные расходы на строительство очистных сооружений, приобретение катализаторов выхлопных газов, другое оборудование, которое способствует производству экологически безопасной продукции. В то же с время у Вас есть возможности использовать замкнутые, экологически чистые производственные процессы или предлагать свои товары и услуги компаниям, где есть такие производства. Большое внимание сегодня уделяется альтернативным источникам электроэнергии (энергии воды, солнца, ветра, биотоплива), которые позволят Вам сократить издержки.

Природные условия также определят структуру потребления и требования к качеству Вашей продукции. Учитывая различия в природной среде, Вы можете адаптировать Вашу продукцию под нужды людей, проживающих в различных природно-климатических условиях, и расширять свой бизнес.

Технологическая среда определяет способ производства товаров и услуг и их потребление, основана на потребности в создании новых технологий. Сегодня новые модели товаров быстро появляются и быстро исчезают. Потребитель обращает внимание на новые товары с необычными свойствами. По мере усложнения товаров и технологий повышаются требования, как потребителей, так и государственных органов по безопасности производства и использования. В этих условия, Вам необходимо знать требования контроля над качеством продукции, учитывать их при разработке новых товаров и предусматривать меры по обеспечению гарантии безопасной эксплуатации.

К основным технологическим тенденциям, возможности которых Вам следует изучить при развитии бизнеса, относятся:

- биотехнологии,
- нанотехнологии,
- альтернативная энергетика,
- микроэлектроника,
- роботостроение,
- генная инженерия,
- технологии передачи информации (Интернет, цифровые технологии),
- ядерный синтез,
- космические технологии.

Вам необходимо изучать перспективные направления фундаментальной и прикладной науки, отслеживать все изменения, происходящие на рынке новых технологий. Вам следует учитывать скорость изменения технологий и быстроту их проникновения в общественную жизнь.

Демографическая среда представляет население страны. Численность и темпы роста населения различных регионов, городов и стран являются постоянно изменяющейся величиной. Изменяется этнический состав, возрастная структура, образовательный уровень населения, увеличивается миграция населения в другие регионы и страны.

дары және т.б.) деген мұқтаждықты бірден арттырады. Кәсіпкерлік қызмет саласында тұрғындар санының артуы халық тұтынатын тауарлар мен қызметке деген сұраныстың артуымен айқындалады.

Жас айырмашылығы Сізге әр жастың қызығу-шылығына және әр жас тобының мұқтаждығына қарай сан алуан тауарлар мен қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Тұрғындардың қоныс аударуы сұранысты арттырады немесе азайтады. Мигранттардың талаптарын ескере отырып, алдын ала бизнес бағытының өзгеру мүмкіндігін жобалауға болады.

Әлеуметтік-мәдени ортаға қоғамдық құндылықтар мен әр адамның жеке тәртібі нормалары кіреді.

Сізге мынадай әлеуметтік-мәдени ортаның себептерін есепке алу қажет:

- қоғамдық көзқарастар мен сенімдер,
- мәдениеттің рөлі,
- қоғамда қосалқы мәдениеттің болуы,
- әйел рөлінің өзгеруі,
- білім деңгейі,
- уақытты пайдалану,
- салауатты өмір салтына деген көзқарас,
- қылмыс санының өсуі,
- жаңа ауру түрлерінің пайда болуы,
- тұрғын үй иелері санының артуы,
- дін маңызының артуы, әдеп бизнесін дамыту;
- тұтыну және консьюмеризм деңгейінің көтерілуі (тұтынушылар құқығын қорғау бойынша азаматтардың әрекеті).

Ортаны талдау үшін қандай тәсілді қолдануға болады?

Ортаны талдау үшін PEST жән SWOT — талдау тәсілін пайдана аласыз. Қолайлы және жеңіл болу үшін осы факторларды бірге кесте түрінде қарастыру кеңінен қолданылады.

PEST-талдау — (ағылшын тіліндегі сөздердің бірінші әріптері: Саяси, Экономикалық, Әлеуметтік және Технологиялық фактор) нарықты, бизнесіңіздің орнын, даму әлеуетін түсінуге, негізгі ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

SWOT-талдау нарықтағы тиімді немесе тиімсіз жұмыстың себептерін анықтауға, бизнесті қай бағытта дамыту қажет және ресурстарды қалай бөлу керек деген туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

SWOT-талдау келесі сұрақтарға жауап беруге көмектеседі:

- Өзіңіздің ішкі күшіңізді немесе ерекше қасиеттеріңізді пайдаланасыз ба? (Мысалы, тіркелген сауда белгісінің болуы).
- Қандай ерекшелігіңіз анықталған жоқ, болмаса онда әлеуетті мықты жақтарыңыздың қайсысын бөліп алуға болады? (Мысалы, Сізде достарыңыздың мейрамын өткізу тәжірибесі болған).
- Қандай осал тұстарыңызды өзгерту керек?

Большой рост численности населения ведет к увеличению потребностей в ресурсах, необходимых для жизнедеятельности людей (энергия, продукты питания, строительные материалы и др.). В области предпринимательской деятельности рост населения отражается на увеличении потребностей в товарах народного потребления и услугах.

Различия в возрасте позволяют Вам выпускать разнообразные товары и услуги в соответствии с возрастными интересами и потребностями отдельных возрастных групп.

Миграция населения приводит к расширению или сокращению спроса. Учитывая требования мигрантов, Вы может заранее определить возможности изменения Вашего бизнеса.

Социально-культурная среда включает общественные ценности и нормы поведения каждого человека в отдельности.

Вам необходимо учитывать следующие факторы социально-культурной среды:

- существующие общественные взгляды и убеждения,
- роль культуры,
- наличие в обществе субкультур,
- изменение роли женщины,
- уровень образования,
- использование времени,
- отношение к здоровому образу жизни,
- увеличение количества преступлений,
- появление новых болезней,
- увеличение количества собственников жилья,
- повышение роли религии, развитие бизнес-этики,
- повышение потребления и консюмеризм (действия граждан по защите прав потребителей).

Какие методы анализа среды использовать?

Для анализа среды Вы можете использовать PEST- и SWOT-анализы. Для простоты и удобства все факторы принято совместно рассматривать в виде таблицы.

PEST-анализ — (на основе первых букв Политических, Экономических, Социальных и Технологических факторов) позволяет понять рынок, позиции Вашего бизнеса, потенциал развития, определить наиболее важные факторы, влияющие на Ваш бизнес.

SWOT-анализ позволяет определить причины эффективной или неэффективной работы на рынке, сделать вывод о том, в каком направлении развивать бизнес и как распределять ресурсы.

SWOT-анализ помогает ответить на следующие вопросы:

- Какие сильные стороны и отличительные преимущества можно использовать для развития бизнеса? (Например, наличие зарегистрированной торговой марки).
- Какие, не используемые Вами, сильные стороны могут стать преимуществом при развитии бизнеса? (Например, у Вас был опыт проведения праздников для друзей).
- Какие слабые стороны ведения бизнеса требуют изменений? (Например, у Вас не подключен Интернет, а новый партнер находится в другом регионе).

Кесте 2. PEST – талдау факторлары
Таблица 2. Факторы PEST-анализа

САЯСИ ФАКТОРЫ ПОЛИТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ	**ЭКОНОМИКАНЫҢ ЫҚПАЛЫ** ВЛИЯНИЕ ЭКОНОМИКИ
• **Нарықтағы ағымдағы заңнама** Текущее законодательство на рынке • **Заңнамадағы болашақта болатын өзгерістер** Будущие изменения в законодательстве • **Халықаралық заңнама** Международное законодательство • **Реттеу органдары және нормалар** Регулирующие органы и нормы • **Мемлекеттік бағдарламалар** Государственные программы • **Бәсекелестікті мемлекеттік реттеу** Государственное регулирование конкуренции • **Сауда саясаты** Торговая политика • **бизнес-субъектілердің қызметіне мембақылауды күшейту және айыппұл санкциялары** Ужесточение госконтроля за деятельностью бизнес-субъектов и штрафные санкции • **барлық билік деңгейіндегі сайлау** Выборы на всех уровнях власти • **қаржыландыру, гранттар мен бастамалар** Финансирование, гранты и инициативы • **лоббилендіру тобы/нарық қысымы** Группы лоббирования/давления рынка • **халықаралық қысым топтары** Международные группы давления • **Экологиялық мәселелер** Экологические проблемы • **Мемлекеттің салаға көрсететін басқа да ықпалдары** Прочее влияние государства в отрасли	• **Экономикалық жағдай** Экономическая ситуация • **Қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің қарқыны** Динамика ставки рефинансирования • **Құнсыздану деңгейі** Уровень инфляции • **Саладағы инвестициялық климат** Инвестиционный климат в отрасли • **Салық салудағы жалпы мәселелер** Общие проблемы налогообложения • **Өнім/қызмет үшін белгіленген салық салу** Налогообложение, определенное для продукта/услуг • **Маусымдылық/ауа райының әсері** Сезонность/влияние погоды • **Нарық және сауда кезеңі** Рынок и торговые циклы • **Төлем жасау талабы** Платежеспособный спрос • **Өндіріс ерекшелігі** Специфика производства • **Тауар жеткізу тізбегі және делдалдар** Торговые посредники и каналы сбыта • **Соңғы тұтынушылардың мұқтаждығы** Потребности конечного пользователя • **Валютаны айырбастау бағамы** Обменные курсы валют • **Негізгі сыртқы шығындар** Основные внешние издержки o **Қуат көзі** / Энергоносители o **Көлік** / Транспорт o **Шикізат және жиынтықтар** / Сырье и комплектующие o **Коммуникация** / Коммуникации
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҮДЕРІС СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ	**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯ** ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ
• **Демография** Демография • **Әлеуметтік бағдарлама** Социальные программы • **Кіріс және шығыс құрылымы** Структура доходов и расходов • **Базалық құндылықтар** Базовые ценности • **Тұрмыс салтының үдерісі** Тенденции образа жизни • **Тұтынудағы сауда белгілерінің рөлі** Роль торговых марок в потреблении • **Тұтынушы тәртібінің үлгісі** Модели поведения покупателей • **Еліктеу үлгісі және сәні** Мода и образцы для подражания • **Адамдарға ықпал ететін негізгі оқиғалар мен факторлар** Главные события и факторы влияния на людей • **Тұтынушылардың қарым-қатынасы мен пікірі** Мнения и отношение потребителей • **Тұтынушылық талғам** Потребительские предпочтения • **БАҚ ұсыныстары** Представления СМИ • **Сатып алушылардың қарым-қатынас жасау нүктесі** Точки контакта покупателей • **Этникалық/діни факторлар** Этнические/религиозные факторы • **Жарнама және бұқарамен байланыс** Реклама и связи с общественностью	• **Бәсекелестік технологияларды дамыту** Развитие конкурентных технологий • **Зерттеулерді қаржыландыру** Финансирование исследований • **байланысқан /тәуелді технология** Связанные/зависимые технологии • **алмастыратын технология/шешімдер** Замещающие технологии/решения • **жетілдірілген технология** Зрелость технологий • **өзгерістер мен жаңа технологиялардың бейімделуі** Изменение и адаптация новых технологий • **өндірістік сыйымдылық, деңгей** Производственная емкость, уровень • **ақпарат пен коммуникация, Интернеттің ықпалы** Информация и коммуникации, влияние интернета • **технологияларды сатып алатын тұтынушылар** Потребители, покупающие технологии • **технологиялар бойынша заңнама** Законодательство по технологиям • **инновация әлеуеті** Потенциал инноваций • **технологияға қол жетімділік, лицензиялау, патенттер** Доступ к технологиям, лицензирование, патенты • **зияткерлік меншік мәселелері** Проблемы интеллектуальной собственности

(Мысалы, Сізде Интернет қосылмаған, жаңа серіктесіңіз басқа өңірде тұрады).
- Қандай жақсы мүмкіндіктер қолда бар ресурстар арқылы мақсатты жүзеге асыруға жағдай жасайды? (Мысалы, Сіз франчайзингті дамыту бағдарламаларына қатыса аласыз).
- Қандай қатер өте қауіпті? (Мысалы, Кедендік Одақ елдерінен бәсекелестер пайда болуы).
- Жақсы қорғаныс үшін қандай әрекет жасау керек? (Мысалы, Сізге тәулік бойы жұмыс істеуге тура келеді).

Бәсекеге қабілеттілікті қалай талдауға болады?

Бизнесте олжалы болу және оны дамыту үшін Сіз бәсекелестерден қандай артықшылықтарыңыз бар, соны білгеніңіз дұрыс. Сонымен қатар, бәсекелестердің де артықшылықтары мен мүмкіндіктерін естен шығармаңыз. Сізге күшті жақтарыңызды жетілдіріп, бәсекелестердің әлсіз тұстарын өз мүддеңізде пайдалануды үйрену керек.

Бәсекелестеріңіздің әрекетін білген соң, қандай тауарды немесе қызметті ұсыну керектігін жақсы түсінесіз, бизнесіңіз үшін базардан орын анықтай аласыз.

Бәсекелестікке қабілеттілікті талдау - үздіксіз процесс. Сізге бәсекелестер туралы ақпаратты үнемі жинап отыр керек. Олардың веб-сайттарын қарап тұрыңыз. Сату орындарына барыңыз. Олардың тауарлары мен қызметтері туралы әдебиеттерді оқыңыз. Тауар немесе қызметтерін сатып алыңыз, бағалаңыз. Олар өздерін қалай көрсететіндігіне бақылау жасаңыз. Салалық өнеркәсіптің сауда басылымдарынан, жергілікті баспасөздерден бәсекелестер туралы оқыңыз.

Өз клиенттеріңізбен сөйлесіңіз, олардың бәсекелестеріңіз туралы не ойлайтынын біліңіз.

Бәсекелестікке қабілеттілікті талдау бес кезеңнен тұрады:

1- кезең: Бәсекелестерді анықтау

2-кезең: Бәсекелестердің күші және әлсіз жақтарын анықтау

3-кезең: Мүмкіндік пен қауіпті зерделеу

4- кезең: Бизнестің нарықтағы орнын анықтау

Бірінші кезеңде мына сұрақтарға жауап беріп көріңіз:
- Қажетті тауарларды немесе қызметтерді алу үшін Сіздің тұтынушыларыңыз Сізден басқа кімге барады?
- Не себепті оларға барады?
- Бәсекелестердің арасында кім көшбасшы болып табылады және не себепті?
- Тұтынушылардың осы мұқтаждықтарын қанағаттандыратын бизнестің басқа қандай түрлері бар?
- Қандай жаңа бәсекелестер пайда болуы мүмкін және қашан?

Екінші кезеңде төмендегі сұрақтарға жауап алу көзделеді:
- Тұтынушылар не себепті Сіздің бәсекелесіңізден сатып алады?
- Бәсекелесіңіздің бағасы қандай?
- Бәсекелесіңіздегі тауардың сапасы жақсы ма?
- Бәсекелесіңіздегі қызмет көрсету несімен ерекшеленеді?
- Какие благоприятные возможности можно использовать для развития при имеющихся ресурсах? (Например, Вы можете участвовать в программах развития франчайзинга).
- Какие угрозы наиболее сильные? (Например, появление конкурентов из других стран Таможенного союза).
- Какие действия необходимо предпринять для хорошей защиты? (Например, Вам следует работать круглосуточно).

Как проводить анализ конкурентоспособности?

Для того чтобы преуспевать в бизнесе и развиваться, Вы должны знать свои отличительные преимущества перед конкурентами. Также следует знать особенности конкурентов и их возможности. Вам следует найти пути усовершенствования своих сильных сторон и использовать в своих интересах слабые стороны Ваших конкурентов.

Зная действия ваших конкурентов, Вы сможете лучше понять, какие товары или услуги Вы должны предложить, как найти рынок сбыта для них и определить место Вашего бизнеса на рынке.

Анализ конкурентоспособности — непрерывный процесс. Вы постоянно должны собирать информацию о конкурентах. Просматривайте их веб-сайты. Посещайте их места продаж. Читайте литературу об их товарах и услугах. Купите и оцените их товары или услуги. Наблюдайте, как они представляют себя. Читайте о них в публикациях Вашей отрасли промышленности, местной прессе.

Поговорите с Вашими клиентами, чтобы понять, что они думают о Ваших конкурентах.

Анализ конкурентоспособности включает пять этапов:

Этап 1: Определение Ваших конкурентов.

Этап 2: Анализ сильных и слабых сторон конкурентов.

Этап 3: Изучение возможностей и угроз.

Этап 4: Определение позиции Вашего бизнеса на рынке.

На первом этапе следует ответить на следующие вопросы:
- К кому еще, кроме Вас, Ваши потребители обращаются, чтобы получить необходимые им аналогичные товары или услуги?
- Почему они обращаются именно к ним?
- Кто из конкурентов является лидером и почему?
- Есть ли другие виды бизнеса, которые удовлетворяют эти же потребности потребителей?
- Какие новые конкуренты могут появиться и когда?

Второй этап предполагает получение детальных ответов на такие вопросы как:
- Что заставляет потребителей покупать у Ваших конкурентов?
- Какая у конкурентов цена?
- Лучше ли у конкурентов качество?
- Чем обслуживание у конкурентов отличается от Вашего?
- Насколько удобно расположен Ваш конкурент?
- Какова репутация конкурента?
